13. Chernukha I, Kotenkova E, Pchelkina V, Ilyin N, Utyanov D, Kasimova T, Surzhik A, Fedulova L. Pork Fat and Meat: A Balance between Consumer Expectations and Nutrient Composition of Four Pig Breeds//*Foods*. – 2023. – Vol. 12(4) – P. 690. <https://doi.org/10.3390/foods12040690>

14. Dugan MER, Vahmani P, Turner TD, Mapiye C, Juárez M, Prieto N, Beaulieu AD, Zijlstra RT, Patience JF, Aalhus JL. Pork as a Source of Omega-3 (n-3) Fatty Acids//*Journal of Clinical Medicine*. – 2015. – Vol 4(12) – P. 1999-2011. <https://doi.org/10.3390/jcm4121956>

15. Okuskhanova E, Assenova B, Rebezov M, Amirkhanov K, Yessimbekov Z, Smolnikova F, Nurgazezova A, Nurymkhan G, Stuart M. Study of morphology, chemical, and amino acid composition of red deer meat//*Vet World*. – 2017. – Vol. 10(6) – P. 623-629. <https://doi.org/10.14202/vetworld.2017.623-629>

ГЕРОПРОТЕКТОРЛЫҚ МАҚСАТТАҒЫ СҮЗБЕ МАССАСЫНА ТӨМЕН- ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ МЕТОКСИЛДЕНГЕН ПЕКТИНДЕРІН ҚОСУДЫҢ ПАРАМЕТРЛЕРІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ

С.У. ЕРКЕБАЕВА* , А.Т. ӨТЕШ 

(«М.Әуезов ат.Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғам,
Қазақстан Республикасы, 160012, Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 5)
Автор-корреспонденттің электрондық поштасы: erkesapash@mail.ru*

Пектиндер энтеросорбция, антиоксиданттық белсенділік және сүт құрылымын тұрақтандыру арқылы геропротекторлық қасиеттерге ие болып саналады. Зерттеудің мақсаты ылғалды ең көп мөлшерде ұстағыш қабілетіне, синерезистің ең төменгі мәніне және жақсартылған құрылымдық-механикалық қасиеттеріне қол жеткізу үшін сүзбе массасына төмен метоксилденген және жоғары метоксилденген пектинін қосудың оңтайлы рН, мөлшерін және қосу сатыларын ғылыми негіздеу болып табылады. рН 3,0–6,0 аралығында төмен метоксилденген және жоғары метоксилденген пектинін 0,25–1,5% мөлшерде бөлек және біріктіріп қосу зерттелді. Сонымен қатар, біріктіріп қосу үшін рН 4,1–4,5 аралығында тексеру жүргізілді. Ылғал ұстағыш қабілеттілігі, синерезис, қаттылық пен когезивтілік, тұтқырлық бағаланды. Пектиннің таралу біркелкілігі метилен көк бояу әдісімен және Са-пектат әдісімен бақыланып, барлық үлгілерде таралу біркелкі деп танылды. Эксперименттер үш рет жүргізіліп, статистикалық өңдеу – Тьюки критерийімен бірге ANOVA post-hoc ($p < 0,05$) орындалды. Жоғары метоксилденген пектині үшін оңтайлы рН 3,5, төмен метоксилденген пектині үшін – 4,6 құрады. рН 4,3 өте аз аралығында 50:50 қатынастығында синерезистің мәні ең жоғары болды. Әрбір пектиннің оңтайлы мөлшері 1,0% құрады. Бастапқы кезеңде енгізу (сиыр сүтінен жаңадан дайындалған сүзбеге) пектиннің екі түр үшін де тиімді, бірақ біріктіріп қосу үшін төмен метоксилденген пектинін жаңадан дайындалған сүзбеге, жоғары метоксилденген пектинін дайын сүзбе массасына қосу тәсілі ұсынылды. рН 4,3 мәнінде пектиндердің 50:50 қатынасы ылғал ұстағыш қабілеттілігінің ең жоғарғы мәнін (78,0%), синерезистің ең төменгі мәнін (бастапқы тәулікте 3,2%, 14 тәулікте 8,0%) және 0,67 Н тең қаттылықты қамтамасыз етті. Бақылау тәжірибесінің 2,9 ммоль/кг мәнімен салыстырғанда, липидтік фракцияның асқынотығу саны 14 тәуліктен кейін 1,6 ммоль/кг құрады (бұл сүт өнімдерінің тотығу шегінен ≤ 4 ммоль/кг төмен). Ұсынылған параметрлер: пектиндердің жалпы мөлшері 1,0% (0,5% төмен метоксилденген пектині + 0,5% жоғары метоксилденген пектині), рН 4,3, төмен метоксилденген пектинін бастапқы сатыда, ал жоғары метоксилденген пектинін соңғы сатыда қосу. Дайын сүзбе массасы жақсартылған геропротекторлық және құрылымдық-механикалық сипаттамаларға ие болды.

Негізгі сөздер: төмен метоксилденген пектин, жоғары метоксилденген пектин, сүзбе массасы, геропротекторлық қасиеттер, ылғал ұстағыш қабілеті, синерезис.

ОПТИМИЗАЦИЯ ПАРАМЕТРОВ ДОБАВЛЕНИЯ НИЗКО- И ВЫСОКОМЕТОКСИЛИРОВАННЫХ ПЕКТИНОВ В ТВОРОЖНУЮ МАССУ В ГЕРОПРОТЕКТОРНЫХ ЦЕЛЯХ

С.У. ЕРКЕБАЕВА*, А.Т. ӨТЕШ

(Некоммерческое акционерное общество «Южно-Казахстанский университет им.М.Ауэзова»,
Республика Казахстан, 160012, г.Шымкент, проспект Тауке хана, 5)
Электронная почта автора-корреспондента: erkesapash@mail.ru*

Считается, что пектины обладают геропротекторными свойствами за счет энтеросорбции, антиоксидантной активности и стабилизации структуры молока. Целью исследования является научное обоснование оптимального значения рН, количества и стадий добавления низкометоксилированного и высокометоксилированного пектина в творожную массу для достижения максимальной влагоудерживающей способности, наименьшего значения синерезиса и улучшения структурно-механических свойств. Исследовали добавление низкометоксилированного и высокометоксилированного пектина по отдельности и в комбинации в количестве 0,25–1,5% при рН 3,0–6,0. Кроме того, был проведен тест при рН в диапазоне 4,1–4,5 для комбинированного добавления. Были оценены влагоудерживающая способность, синерезис, твердость и когезивность, а также вязкость. Равномерность распределения пектина контролировали методом метиленового синего и кальций-пектатным методом; распределение было признано равномерным во всех образцах.

Эксперименты проводились трижды, статистическая обработка выполнена с использованием ANOVA post-hoc и критерия Тьюки ($p < 0,05$). Оптимальный уровень pH для высокометоксилированного пектина составил 3,5, для низкометоксилированного – 4,6. В очень узком диапазоне pH 4,3 синерезис был самым высоким при соотношении 50:50. Оптимальное количество каждого пектина составило 1,0%. Добавление на начальном этапе (в свежеприготовленный творог из коровьего молока) эффективно для обоих видов пектина, но для комбинированного добавления был предложен способ: в свежеприготовленный творог добавляют низкометоксилированный пектин, а в готовую творожную массу — высокометоксилированный пектин. При pH 4,3 соотношение пектинов 50:50 обеспечило максимальную влагоудерживающую способность (78,0%), минимальный синерезис (3,2% в первый день, 8,0% через 14 дней) и твердость 0,67 Н. По сравнению со значением контрольного эксперимента (2,9 ммоль/кг) перекисное число липидной фракции через 14 дней составило 1,6 ммоль/кг, что ниже порога окисления для молочных продуктов (≤ 4 ммоль/кг). Рекомендуемые параметры: общая концентрация пектинов 1,0% (0,5% низкометоксилированного + 0,5% высокометоксилированного), pH 4,3, добавление низкометоксилированного пектина на начальном этапе и высокометоксилированного — на заключительном. Готовая творожная масса обладала улучшенными геропротекторными и структурно-механическими характеристиками.

Ключевые слова: низкометоксилированный пектин, высокометоксилированный пектин, творожная масса, геропротекторные свойства, влагоудерживающая способность, синерезис.

OPTIMIZATION OF PARAMETERS FOR ADDING LOW- AND HIGH-METHOXYLATED PECTINS TO CURD MASS FOR GEROPROTECTIVE PURPOSES

S.U. YERKEBAYEVA*, A.T. OTESH

("M.Auezov South Kazakhstan University" non-profit joint stock company
Republic of Kazakhstan, 160012, Shymkent, Tauke Khan Avenue, 5)
Corresponding author's e-mail: erkesapash@mail.ru*

Pectins are considered to have geroprotective properties through enterosorption, antioxidant activity and stabilization of milk structure. The aim of the study is to scientifically substantiate the optimal pH, amount and stages of addition of low-methoxylated and high-methoxylated pectin to the curd mass in order to achieve the maximum moisture retention capacity, the lowest syneresis value and improved structural and mechanical properties. The addition of low-methoxylated and high-methoxylated pectin separately and in combination at amounts of 0.25–1.5% was studied at pH 3.0–6.0. In addition, a pH test was carried out in the range of 4.1–4.5 for combined addition. Moisture retention capacity, syneresis, hardness and cohesiveness, and viscosity were evaluated. The uniformity of pectin distribution was controlled by the methylene blue dye method and the Ca-pectate method, and the distribution was recognized as uniform in all samples. The experiments were carried out three times and statistical processing was performed using ANOVA post-hoc with Tukey's criterion ($p < 0.05$). The optimal pH for high-methoxylated pectin was 3.5, for low-methoxylated pectin – 4.6. Within a very narrow pH range of 4.3, the syneresis value was the highest at a 50:50 ratio. The optimal amount of each pectin was 1.0%. Addition at the initial stage (to freshly prepared curd from cow's milk) is effective for both types of pectin, but for combined addition, a method was proposed: adding low-methoxylated pectin to freshly prepared curd, and high-methoxylated pectin to the finished curd mass. At pH 4.3, the 50:50 pectin ratio provided the maximum moisture retention capacity (78.0%), the minimum syneresis (3.2% on the initial day, 8.0% after 14 days) and a hardness of 0.67 N. Compared to the control experiment value of 2.9 mmol/kg, the lipid peroxidation value after 14 days was 1.6 mmol/kg (which is below the oxidation threshold for dairy products of ≤ 4 mmol/kg). Recommended parameters: total pectin concentration 1.0% (0.5% low-methoxylated pectin + 0.5% high-methoxylated pectin), pH 4.3, addition of low-methoxylated pectin at the initial stage, and high-methoxylated pectin at the final stage. The finished curd mass had improved geroprotective and structural-mechanical characteristics.

Keywords: low-methoxylated pectin, high-methoxylated pectin, curd mass, geroprotective properties, moisture retention capacity, syneresis.

Kіpіcne

Пектиндер жоғары сатыдағы өсімдіктердің жасуша қабырғаларын құрайтын және негізінен α -1,4-гликозидтік байланыстармен байланысқан α -D-галактурон қышқылының қалдықтарынан тұратын күрделі табиғи полисахаридтер болып табылады [1]. Гидрофильділік, қойытушы қабілеттілік, тұтқырлық

және сорбциялық белсенділік сияқты бірегей физика-химиялық қасиеттеріне байланысты пектиндер тамақ өнеркәсібінде қоюландырғыш, тұрақтандырғыш және гель түзгіштер ретінде, сондай-ақ фармацевтика мен медицинада энтеросорбенттер және дәрілік заттарды тасымалдаушылар ретінде кеңінен қолданылуда [2, 3]. Этерификация дәрежесі

(DE), яғни метанолмен эфирленген галактурон қышқылының карбоксил топтарының үлесі пектиннің функционалдық қасиеттерін анықтайтын негізгі сипаттама болып саналады. Этерификация дәрежесіне байланысты пектиндер жоғары метоксилденген (НМ-пектин, $DE \geq 50\%$) және төмен метоксилденген (LM-пектин, $DE < 50\%$) болып бөлінеді [4, 5].

pH пектин ерітінділерінің қоюландыру қабілеті мен тұтқырлығын анықтайтын маңызды факторлардың бірі болып саналады [6, 7].

НМ-пектин үш құрамдас заттың бір мезгілде болуын талап ететін гель түзудің қантқышқыл механизмімен сипатталады: қанттың жоғары мөлшері (55-75% құрғақ заттар), pH төмен (2,8-3,5) және [4, 8]]. pH-тың төмен мәндерінде галактурон қышқылының карбоксил топтары протонданып, пектин молекулаларының теріс зарядының төмендеуіне және олардың арасындағы электрстатикалық итеруінің төмендеуіне алып келеді [9, 10]. Сонымен бірге, қанттың жоғары мөлшері пектин молекулаларының дегидратациясына ықпал етіп, оларды жақындастырады және үш өлшемді гель желісін құрайтын сутекті байланыстар мен гидрофобтық өзара әрекеттесулердің түзілуіне жағдай жасайды [3]. pH 4-тен жоғарылағанда НМ-пектиннің гель түзу тиімділігі күрт төмендейді [11].

НМ-пектинмен салыстырғанда, LM-пектин кальций механизмі бойынша қоюланып, ол қанттың жоғары мөлшерін немесе pH-тің өте төмен мәндерін қажет етпейді. Кальций иондарының болуы (Ca^{2+}) гель түзудің қажетті шарты болып саналады: Ca^{2+} катиондары көршілес пектин молекулаларының бос карбоксил топтары арасында "айқасқан байланыс агенттері" ретінде әрекет етіп, "жұмыртқа қорабы" типті құрылымды құрайды. LM-пектин кең pH кең аралығында (3-тен 6-ға дейін) гельдер түзуге қабілетті [12, 13].

Сүзбе құрамында кальций иондарының болуы (100 г өнімде 140 мг) екі түрлі рөл атқарады. Бір жағынан, Ca^{2+} казеин ұйындысының құрылымын қалыптастыру үшін қажет, екінші жағынан, LM-пектин қосылған кезде кальций иондары гель түзілуін күшейтетін айқастырушы агент ретінде әрекет етеді [3].

Тамақтану мәнмәтінінде пектин биологиялық белсенді қасиеттер кешеніне байланысты ерекше қызығушылық тудыруда. Пектиндер адамның ас қорыту жүйесі іс жүзінде қорытпайтын диеталық талшықтар тобына жатады және энтеросорбенттер ретінде әрекет етеді [8]. Пектин полисахаридтері

қабынуға қарсы белсенділікпен қоса иммундік-модуляциялық қасиеттерге ие болып, қан сарысуындағы холестерин мен триглицеридтерді төмендетеді, глюкоза алмасуын қалыпқа келтіреді, улы заттар мен радионуклидтерді байланыстырып, жояды, сонымен бірге канцерогенге қарсы және антимагистатикалық әсерге ие болып табылады [14]. Бос радикалдарды бейтараптандыруда көрініс табатын пектиннің антиоксиданттық белсенділігі оның геропротекторлық мүмкіндігін толықтырады [15].

Сүт өнеркәсібінде LM-пектин pH-тің 5,0-6,0 аралығындағы мәндерінде гельдер түзу қабілетіне байланысты кеңінен қолданылып, ол сүт шикізатын пайдалануда маңызды болып табылады, ал НМ-пектин ортаның pH-на және құрғақ заттардың құрамына сезімтал болып келеді [4, 6, 16].

Тамақ өнеркәсіпорындарында пектинді қолданудың жекелеген негіздеріне арналған көптеген жұмыстарға қарамастан, геропротекторлық мақсаттағы сүзбе массасы үшін pH, LM- және НМ-пектиндердің мөлшерін, оларды қосу кезеңдері мен арақатынастарын оңтайландыру бойынша жүйелі зерттеулер жүргізілмеген. Бастапқы сипаттамалары (ылғалдылығы 70%, май 5%, ақуыз 15%, Са 140 мг/100 г) белгілі сүзбе бірегей модельдік жүйе саналып, мұнда бастапқы pH 4,6 НМ- және LM-пектиндердің тиімділігі арасындағы өтпелі аймақта болады,

Бұл зерттеудің мақсаты – ең жоғарғы мөлшерде ылғал ұстағыш қабілетін, синергистің ең төменгі мәнін, жақсартылған құрылымдық-механикалық қасиеттерін және айқын геропротекторлық әсерін қамтамасыз ететін сүзбе массасына қосылатын НМ- және LM-пектиндердің оңтайлы технологиялық параметрлерін (pH, мөлшері, қосу сатысы, НМ- және LM-пектиндердің қатынасы) ғылыми негіздеу болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу нысандары:

– сиыр сүтінен дайындалған қышқыл-ұйыған сүзбе. Көрсеткіштері: ылғалдылығы $70 \pm 0,5\%$, майдың массалық үлесі $5 \pm 0,2\%$, ақуыздың массалық үлесі $15 \pm 0,3\%$, кальцийдің мөлшері 140 ± 5 мг/100 г, бастапқы pH $4,6 \pm 0,1$.

– pH 4,6 және 20°C температурада өлшенген бастапқы сүзбенің ылғал ұстағыш қабілеті $55 \pm 1\%$ болды.

– құрылымдық тұтқырлық (көрінетін) – $10,0 \pm 0,5$ Па•с (Brookfield RV айналмалы вискозиметрінде өлшенді, 20 айн/мин).

– гелдің беріктігі (қышқыл казеин гелі) – $0,40 \pm 0,02$ Н.

– жоғары метоксилденген пектині (НМ-пектин): АРА 105 маркасы (Herbstreith & Fox, Германия), этерификация дәрежесі DE=60%.

– төмен метоксилденген пектині (LM-пектин): NH маркасы, DE<50%.

– рН реттегіштер: тағамдық лимон қышқылы (E330) және натрий гидрокарбонаты (E500 (ii)). Дәміне әсерін азайту үшін 10% лимон қышқылының ерітіндісі және 5% сода ерітіндісі қолданылды, араластыру барысында тамшылатып қосылды; рН түзетілгеннен кейін пектиндердің түрлері бар үлгілерде дәмдік бағалау жүргізіліп, дәмінің елеулі өзгерістері байқалмады.

Үлгілерді дайындау. Пектиндер тазартылған суда 20°C температурада 30 минут бойы гидратталды (мақсаттық мөлшеріне дейін кейіннен сұйылту үшін 2%-дық ерітінді дайындалды).

А нұсқасы (бастапқы кезең): пектиннен басқа қоспаларды қолданар алдында, сарысуы

бөлінген жаңа сүзбеге ($t=20^{\circ}\text{C}$), үнемі араластыру барысында пектин қосылды.

В нұсқасы (соңғы кезең): пектиннен басқа қоспалар қосылғаннан кейін дайын сүзбе массасына пектин қосылып, мұқият араластырылды.

Бақылау тәжірибесі: пектин қосылмаған сүзбе массасы.

Мақсаттық мәндерге (3,0; 3,5; 4,0; 4,6; 5,0; 5,5; 6,0) жеткенше 10%-дық лимон қышқылы ерітіндісін немесе 5%-дық сода ерітіндісін қосу арқылы рН реттелді. НМ және LM пектиндерінің 50:50 қатынасы үшін рН-ның тар аралықтағы мәндері (рН 4,1; 4,2; 4,3; 4,4; 4,5) оңтайлы мәнін нақтылау 0,1 қадамда қосымша зерттелді.

Эксперимент дизайны. 1-кестеде көптеген бақыланатын факторларды (рН, мөлшері, қосу кезеңі және құрамдас заттардың қатынасы) және реакция айнымалыларын қамтитын көп сатылы эксперимент схемасы келтірілген. 6 кезеңнен тұратын зерттеу жүргізілді.

Кесте 1. Эксперимент дизайны

Кезең	Факторлар	Деңгейі	Жауаптары
1	рН	3,0; 3,5; 4,0; 4,6; 5,0; 5,5; 6,0	Ерітіндінің тұтқырлығы
2	рН (LM-пектин және НМ-пектин үшін жеке), 1% мөлшерде	3,0; 3,5; 4,0; 4,6; 5,0; 5,5; 6,0	Ылғал ұстағыш қабілеті, синерезис, қаттылық
3	НМ- және LM-пектиндердің мөлшерлері	0; 0,25; 0,5; 0,75; 1,0; 1,25; 1,5%	Ылғал ұстағыш қабілеті, синерезис, қаттылық
4	Қосу сатысы	Бастапқы, соңғы	Ылғал ұстағыш қабілеті, синерезис, қаттылық, когезивтілік
5	НМ- және LM-пектиндердің қатынасы (жалпы мөлшері 1%)	100:0; 75:25; 50:50; 25:75; 0:100	Ылғал ұстағыш қабілеті, синерезис, қаттылық, когезивтілік
6	Растаушы (14 тәулік сақтау)	Оңтайлы қатынаста, бақылау, монопектиндер	Синерезис, асқыноттығу саны

Кестеде келтірілген эксперимент жоспары негізгі әсерлер мен өзара әрекеттесулерді сенімді статистикалық бағалауға мүмкіндік беріп, ANOVA негізіндегі кейінгі оңтайландырудың негізін құрайды.

Барлық эксперименттер тәуелсіз үш қайталау арқылы орындалды ($n=3$).

Талдау әдістері:

– Ылғал ұстағыш қабілеті (%) - 15 минут бойы 3000 g центрифугалау күшінде 10 г үлгіні центрифугалау, ылғал ұстағыш қабілеті = (тұнбаның массасы / бастапқы масса) × 100.

– Синерезисі (%) - үлгінің көлемінен 4°C температурада 24 сағаттан кейін бөлінген сарысудың көлемі (100 г қайта есептегенде).

– Текстурасы (қаттылығы, Н; когезивтілігі, өлшемсіз) - TA.Xtplus текстуралық анализатор (Stable Micro Systems), ТРА режимі: цилиндрдің диаметрі $d=25$ мм, сығымдалуы 30%, жылдамдығы 1 мм/с.

– Тұтқырлығы (Па•с) – Brookfield RV айналмалы вискозиметрі (20 айн/мин). Алдын ала бағалау үшін В3-4 вискозиметрі қолданылды (ағып өту уақыты, с). Пектин ерітін-

ділерінің (1%) тұтқырлығы ВЗ-4 вискозиметрімен 20°C температурада өлшенді.

– Асқыноттығу саны (белсенді оттегінің ммолі/кг) – еріткішті буландырып Folch әдісі бойынша хлороформ-метанол қоспасымен экстракция арқылы бөлінген липидтік фракциядағы йодометриялық әдіс (2:1, көлемдік/көлемдік). Экстракцияның толықтығын бақылау - қайта экстракцияда липидтердің болмауы бойынша (судан III арқылы сапалы реакция).

– Пектиннің таралу біркелкілігі – метилен көк бояуымен (0,1% ерітінді) және Са-пектат әдісімен бейнелеу (1%-дық CaCl₂ өңдеу, гельдік қосындыларды бақылау). Пектиндер қатынастығының барлық үлгілерінде және бастапқы кезеңде жеке қосқанда таралуы біркелкі деп (агрегаттардың болмауы) бағаланды.

– Кальцийдің биожетімділігі – INFOGEST 2.0 стандартталған әдістемесі бойынша *in vitro* асқазан-ішек ас қорытуын модельдеу (пектин 0,5% + 0,5%, рН 4,3). Ас қорытудан кейін центрифугалау (10000 g, 30

мин) жүргізіліп, комплексометрия әдісімен еритін кальций фракциясы анықталды.

Статистикалық өңдеу. Деректер орташа ± стандарттық ауытқу (m±SD) ретінде көрсетілді. Соңында Тьюки апостериорлық критерийі (Tukey HSD) арқылы бір факторлық және екі факторлық дисперсиялық талдауды (ANOVA) Statistica 13.3 (TIBCO) бағдарламасында орындадық. Маңыздылық деңгейі p<0,05. Регрессиялық модельдер ең кіші квадраттар (полиномиальдік және квадраттық) әдісімен жасалды.

Нәтижелер және талқылау

1 кезең. рН аралықтарын анықтау. НМ-пектин үшін тұтқырлықтың ең жоғарғы мәні рН 3,0–3,5 (ВЗ-4 вискозиметрі бойынша 22-24 с), ал күрт төмендеуі рН 4,0-ден жоғары мәнінде тіркелді. LM-пектин үшін тұтқырлық рН 3,5–5,0 (18-20 с) аралығында тұрақты жоғары болды. Келесі зерттеулерді рН 3,0–6,0 аралықта жүргіздік.

2 кезең. рН-тың ылғал ұстағыш қабілетіне, синерезиске және қаттылыққа әсері (жеке).

Нәтижелер 2-кестеде келтірілген.

Кесте 2. 1% пектині бар сүзбе массасының рН-қа байланысты көрсеткіштері (n=3, M±SD)

рН	Қосылған пектин түріне байланысты					
	Ылғал ұстағыш қабілеті, %		Синерезис, %		Қаттылық, Н	
	НМ-пектин	LM-пектин	НМ-пектин	LM-пектин	НМ-пектин	LM-пектин
3,0	68,2±1,1	58,3±0,9	8,2±0,4	12,1±0,5	0,55±0,02	0,48±0,02
3,5	72,4±0,8	60,1±1,0	6,2±0,3	10,0±0,4	0,60±0,02	0,50±0,02
4,0	60,3±1,2	62,4±0,7	12,0±0,5	9,0±0,4	0,50±0,02	0,52±0,02
4,6	52,1±1,0	64,2±0,8	16,0±0,6	8,0±0,3	0,44±0,02	0,54±0,02
5,0	48,0±1,3	60,0±1,1	20,0±0,7	10,0±0,5	0,41±0,02	0,51±0,02
5,5	45,2±1,1	52,3±1,2	24,0±0,8	14,0±0,6	0,38±0,03	0,46±0,03
6,0	42,1±1,4	45,4±1,3	28,0±0,9	18,0±0,7	0,36±0,03	0,42±0,03
Бақылау	55,0±1,0	55,0±1,0	14,0±0,5	14,0±0,5	0,40±0,02	0,40±0,02

2-кестеде көрсетілгендей, рН пектиннің екі түрі үшін де ылғал ұстағыш қабілетіне, синерезиске және қаттылыққа статистикалық маңызды әсер етеді (НМ: F(6,14)=34,2, p<0,001, η²=0,94; LM: F(6,14)=28,7, p<0,001, η²=0,92). Тьюки әдісі бойынша ілгері талдау, рН 3,5 шартында жоғары тығыздықтағы пектин үшін және рН 4,6 шартында төмен тығыздықтағы пектин үшін рН-тің басқа деңгейлерімен салыстырғанда, ылғал ұстағыш қабілеті айтарлықтай жоғары екенін растады (p<0,05). Бұл

нәтижелер пектиннің функционалдығын реттеуде рН-тың басым рөлін сандық түрде растайды.

Бақылау тәжірибесіндегі ылғал ұстағыш қабілетінің мәндері рН 4,6 көрсетілген, яғни ол сүзбенің бастапқы қышқылдығына сәйкес келеді.

НМ-пектин үшін ANOVA (рН факторы): F(6,14)=34,2; p<0,001; η²=0,94. LM-пектин үшін ANOVA (рН фактор): F(6,14)=28,7; p<0,001; η²=0,92.

НМ-пектин үшін рН 3,5-те ылғал ұстағыш қабілетінің мәні барлық басқа рН-ға қарағанда айтарлықтай жоғары екенін Тьюки post-hoc көрсетті ($p < 0,01$). LM-пектин үшін рН 4,6-да, рН 3,0 және рН 5,0 тең және одан жоғары мәндерімен салыстырғанда, ылғал ұстағыш қабілетінің мәні едәуір жоғары ($p < 0,05$). НМ-пектин үшін рН 3,5, ал LM-пектин үшін рН 4,6 оңтайлы деп қабылданды.

2-ші кезең аралас түрлері үшін рН-тің өте аз аралығында (4,1–4,5) жүргізілген зерттеулермен толықтырылды. 6-ші кезең кеңейтілді: in vitro кальций биожетімділігі қосымша анықталды (жоғарыда сипатталған әдістеме бойынша).

3 кезең. Оңтайлы рН кезінде мөлшердің ықпалы (пектиндердің 0,25–1,5% мөлшерінде). Пектин мөлшеріне байланысты ылғал ұстағыш қабілетінің мәні 3-кестеде келтірілген.

Кесте 3. Пектин мөлшеріне байланысты ылғал ұстағыш қабілетінің мәні (%)

Пектиннің мөлшері, %	Қосылған пектиннің түрі мен рН мәніне сәйкес ылғал ұстағыш қабілеті, %	
	НМ-пектин, рН 3,5	LM-пектин, рН 4,6
0,00	55,0±1,0	55,0±1,0
0,25	60,1±0,9	58,2±0,8
0,50	65,0±0,7	62,0±0,9
0,75	70,2±0,8	66,1±0,7
1,00	72,4±0,6	68,0±0,6
1,25	73,0±0,7	69,1±0,7
1,50	73,2±0,8	69,3±0,8

3-кестеде пектин мөлшерінің ылғал ұстағыш қабілетіне күшті әсері көрсетілген ($F(6,28)=45,3$, $p < 0,001$), мұнда пектиннің түрі мен мөлшері арасындағы байланыс статистикалық маңызды емес ($p=0,12$). Ақуыздың мөлшері 1,0%-ға дейін едәуір артып, кейін одан әрі статистикалық маңызды жақсару байқал-

майды ($p > 0,05$), бұл үстірт әсерін көрсетеді және оңтайлы мөлшер ретінде 1,0% қабылдауды негіздейді.

4 кезең. Қосу кезеңдерін салыстыру. Пектинді қосу кезеңінің (бастапқы және соңғы) көрсеткіштерге ықпалы 4-кестеде көрсетілген.

Кесте 4. Пектинді қосу кезеңінің (бастапқы және соңғы) көрсеткіштерге ықпалы (n=3)

Пектин	Кезең	Ылғал ұстағыш қабілеті, %	Синерезис, %	Қаттылығы, Н	Когезивтілігі
НМ-пектин	бастапқы	72,4±0,6a	6,2±0,3a	0,60±0,02a	0,65±0,02a
НМ-пектин	соңғы	58,0±1,1b	14,1±0,5b	0,48±0,03b	0,58±0,03b
LM-пектин	бастапқы	68,0±0,6a	7,0±0,4a	0,55±0,02a	0,62±0,02a
LM-пектин	соңғы	64,0±0,8b	9,0±0,4b	0,52±0,02b	0,60±0,02ab
Бақылау	—	55,0±1,0c	14,0±0,5b	0,40±0,02c	0,58±0,03b

Ескерту - Бағаналардағы әр түрлі әріптер Тьюки критерийі бойынша статистикалық маңызды айырмашылықтарды ($p < 0,05$) білдіреді.

4-кестеде көрсетілгендей, пектинді қосу кезеңі барлық өлшенетін параметрлерге айтарлықтай ықпал етеді. НМ-пектин үшін қосу кезеңінің әсері өте маңызды болып саналып ($F(1,4)=112,5$, $p < 0,001$), LM-пектин үшін ол аз байқалады, бірақ әлі де маңызды болуда ($F(1,4)=8,6$, $p=0,043$). Бастапқы кезеңде

пектиндерді қосқанда ылғал ұстағыш қабілеттің айтарлықтай жоғарылауына және синерезистің төмендеуіне алып келетінін Тьюки тесті растайды ($p < 0,05$), бұл құрылымдық интеграцияның жақсарғанын көрсетеді.

5 кезең. Аралас эксперимент (LM-пектин:НМ-пектин қатынасы). Жалпы мөлшері 1,0%, рН=4,3 ымыралы мән), кезең: LM-пектин – бастапқы, НМ-пектин – соңғы. 50:50 қатынастығы үшін оңтайлы рН-ты нақтылау үшін рН 4,1–4,5 аралығында (0,1 қадамда) қосымша тәжірибе жүргізілді. Ылғал ұстағыш қабілетінің ең жоғарғы мәніне (78,5±0,4%) және ең төменгі синерезис (3,0±0,2%) рН 4,3 деңгейінде жетті.

рН 4,2 және 4,4 мәндерінде ылғал ұстағыш қабілеті, сәйкесінше, 77,1% және 77,5% құрап, бұл рН 4,3 мәніндегі статистикалық маңызды ерекше болмады (p>0,05). Сонымен, рН 4,3 тұрақтылық қоры ретінде оңтайлы деп қабылданды. LM-пектин және НМ-пектин әр түрлі қатынастығындағы көрсеткіштердің, яғни ылғал ұстағыш қабілеті, синерезис, қаттылық және когезивтіліктің мәндері 5-кестеде келтірілген.

Кесте 5. НМ- және LM-пектиндердің әр түрлі қатынастығындағы көрсеткіштердің мәндері (n=3, M±SD)

LM-пектин:НМ-пектин қатынастығы	Ылғал ұстағыш қабілеті, %	Синерезис, %	Қаттылығы, Н	Когезивтілігі
100:0	68,0±0,6b	7,0±0,4b	0,55±0,02b	0,62±0,02b
75:25	74,2±0,7a	5,1±0,3c	0,62±0,02a	0,68±0,02a
50:50	78,0±0,5d	3,2±0,2d	0,67±0,01c	0,72±0,01c
25:75	72,0±0,8a	6,0±0,4bc	0,61±0,02a	0,66±0,02ab
0:100	58,0±1,1c	14,0±0,5a	0,48±0,03d	0,58±0,03d
Бақылау	55,0±1,0c	14,0±0,5a	0,40±0,02e	0,58±0,03d
Ескерту - Әр түрлі әріптер - маңызды айырмашылықтар (p<0,05).				

5-кестеде келтірілгендей, LM-пектиннің НМ-пектинге қатынасы ылғал ұстағыш қабілетіне (F(5,12)=89,4, p<0,001, η²=0,97), синерезиске (F(5,12)=76,2, p<0,001) және қаттылыққа (F(5,12)=65,1, p<0,001) ықпалы елеулі екенін көрсетеді. 50:50 қатынасы күшті синергетикалық өзара әрекеттесуді растайтын статистикалық жоғары нәтижелер береді (p<0,05). Квадраттық регрессия моделі де

(R²=0,982, p<0,001) тең қатынастықта оңтайлы мәннің болуын растайды.

6 кезең. Растаушы тәжірибе және сақтау. Оңтайлы параметрлер: LM-пектин 0,5% + НМ-пектин 0,5%, рН 4,3, LM-пектин – сарысудан жаңадан бөлініп алынған сүзбеге (бастапқы кезең), НМ-пектин – дайын сүзбе массасына (соңғы кезең). 4°C шартындағы синерезис динамикасы 6-кестеде келтірілген.

Кесте 6. 4°C шартындағы синерезис динамикасы (%) (n=3)

Үлгі	Бірінші күн	7 күн	14 күн
Бақылау	14,0±0,5a	22,1±0,7a	28,3±0,8a
НМ-пектин 1%	6,2±0,3b	10,0±0,5b	14,0±0,6b
LM-пектин 1%	7,0±0,4b	11,0±0,5b	15,0±0,6b
Қатынастығы 50:50	3,2±0,2c	5,1±0,3c	8,0±0,4c

6-кесте сақтау уақытының да, үлгі түрінің де синерезиске, сондай-ақ олардың өзара әрекеттесуіне айтарлықтай ықпалын көрсетеді (F(9,24)=45,7, p<0,001; p<0,01 өзара әрекеттесуі). Біріктірілген пектин жүйесі барлық уақыт сәттерінде айтарлықтай төмен синерезисін айқындап (p<0,05), бұл бақылау және

монопектин жүйелерімен салыстырғанда сақтау тұрақтылығының жоғарылауын көрсетеді.

Бақылау, НМ-пектин және LM-пектин үлгілер үшін бірінші, 7-ші және 14-ші күндердегі динамикадағы липидтік фракцияның асқынтотық санының мәндері 7-кестеде көрсетілген.

Кесте 7. Динамикадағы липидтік фракцияның асқынтотық саны (ммоль / кг)

Үлгі	Бірінші күн	7 күн	14 күн
Бақылау	0,80±0,05a	1,80±0,10a	2,90±0,15a
НМ-пектин	0,70±0,04b	1,40±0,08b	2,20±0,10b
ЛМ-пектин	0,70±0,04b	1,40±0,08b	2,10±0,10b
Аралас түрі	0,60±0,03c	1,10±0,06c	1,60±0,08c

7-кестеде келтірілгендей, 14-ші күні қолданылған әдіс асқынтотық санына айтарлықтай ықпал етеді ($F(3,8)=45,8$, $p<0,001$). Бақылау тәжірибесімен салыстырғанда ($p<0,001$), біріктірілген пектин үлгісі липидтердің тотығуының ең төменгі деңгейін көрсетті, бұл статистикалық расталған антиоксиданттық әсерін растайды.

Пектиндердің әртүрлі қатынастағы үлгілердегі асқынтотық санының төмендеуі (14-ші тәуліктегі бақылаудағы 2,9 ммоль/кг мәнімен салыстырғанда 1,6 ммоль/кг) пектиндердің антиоксиданттық қасиеттерімен және олардың липопероксидация өнімдерін байланыстыру қабілетімен байланысты геропротекторлық әсерін көрсетеді [17].

Алынған нәтижелер пектиндердің белгілі қоюландыру механизмдерін растайды. НМ-пектин үшін төмен рН 3,5 шекті фактор болып табылады, бұл шартта карбоксил топтары протонданып, электрстатикалық ығыстыру азаяды және пектин молекулалары арасында сутегі байланыстары қалыптасады [10]. рН 4,6 шартында (сүзбенің бастапқы қышқылдығы) НМ-пектин тиімділігі күрт төмендейді (ылғал ұстағыш қабілеті 72%-дан 52%-ға дейін төмендейді). Бұл аралас өнімде сүзбе массасын рН 4,3 дейін қышқылдандыру қажеттілігін түсіндіреді. ЛМ-пектин, керісінше, сүзбе құрамындағы кальций иондарын (140 мг/100 г) байланыстыру қабілетіне байланысты рН 4,0–5,0 аралығында жоғары ылғал ұстағыш қабілетін сақтайды. "Жұмыртқа қорабы" механизмі бейтарап рН мәндерінде де термиялық қайтымды гелдің қалыптасуын қамтамасыз етеді [12].

50:50 қатынасының синергетикалық әсері соңғы кезеңде қосылған НМ-пектин, рН 4,3 сутегі байланыстары арқылы сүзбе массасын қосымша құрылымдайтындығымен түсіндіріледі, ал ЛМ-пектин кальциймен байланыстыруды қамтамасыз етеді [16]. Бірлескен әрекеті бір НМ-пектин үшін 72% және бір ЛМ-пектин үшін 68% салыстырғанда ылғал ұстағыш қабілетінің 78%-ға артуына алып

келеді. Ұқсас синерезис әртүрлі көздерден алынған пектиндердің антиоксиданттық белсенділігі үшін сипатталған [12]. Нәтижелер Григер және т б пектин мөлшерінің сүзбе өнімдерінің құрылымына ықпалы туралы жүргізген зерттеулерге сәйкес келеді [18].

рН 4,1–4,5 аз аралығында жүргізілген қосымша эксперимент ЛМ-пектин және НМ-пектин қатынастығында синерезистің ең жоғарғы мәніне рН 4,3 кезінде қол жеткізілетінін растады. Бұл жағдайда өнім қолайлы қышқылдықты сақтап (белсенді 4,3 титрленетін қышқылдықтың ~70–80°Т мәніне сәйкес келеді), бұл шартта дәмінде шамадан тыс қышқылдық байқалмады.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеулер кешенінің негізінде геропротекторлық мақсаттағы сүзбе массасына төмен метоксилденген (LM) және жоғары метоксилденген (НМ) пектинінің түрлерін бірге қосудың оңтайлы технологиялық параметрлері ғылыми негізделіп, эксперименттер жүргізу арқылы расталды. Ең жоғарғы синергетикалық әсерге жалпы мөлшері 1,0% болатын 50:50 қатынасында ЛМ-пектин және НМ-пектин түрлерін бірге қолдану арқылы қол жеткізілетіні анықталды. рН 4,3 болғанда, бұл қоспа жүйенің ең тиімді құрылымын қамтамасыз етеді: ылғал ұстағыш қабілеті 78,0%-ға дейін артып, бұл бақылау көрсеткіштерінен 23%-ға және монопектиндердің тиімділігінен 6-10%-ға жоғары болды. Ғылыми түсініктемесі екі механизмнің қосымша әрекетіне негізделген: ЛМ-пектин сүзбенің Ca^{2+} иондары бар кальций көпірлері ("egg-box model") арқылы қаңқасын құрайды, ал НМ-пектин әлсіз қышқыл ортада сутегі байланыстары мен гидрофобтық өзара әрекеттесу арқылы желіні қосымша нығайтады. Құрамдас заттарды қосудың дифференциаланған схемасы негізделді. Полисахаридтің біркелкі таралуын қамтамасыз ету үшін ЛМ-пектинді бастапқы кезеңде (сарысудан ажыратып, жаңадан алынған сүзбеге) қосқан тиімді болып табылады. НМ-пектин соңғы

сатыда (дайын сүзбе массасына) қосу тиімді саналып, бұл технологиялық факторлардың этерификация дәрежесіне теріс әсерін азайтуға және оның соңғы рН мәнінде қоюландыру мүмкіндігін барынша пайдалануға ықпал етеді. Пектиндердің оңтайландырылған аралас түрлерін қолдану синерзис деңгейін жана өнімде 4,5 есе (3,2%-ға дейін) төмендетуге және тұтынушылық қасиеттерін сақтауды қамтамасыз ете отырып, оны сақтаудың 14-ші тәулігіне 8,0% шегінде ұстауға мүмкіндік береді. Өнім айқын антиоксиданттық тұрақтылығымен сипатталады: липидтік фракцияның асқынототық саны 14 күннен кейін 1,6 ммоль/кг құрады, бұл бақылау мәндерінен екі есе төмен (2,9 ммоль/кг) болды. Бұл жағдайда кальцийдің жоғары биожетімділігінің сақталуы расталып (82%), бұл сүйек тінінің жасқа байланысты өзгерістерінің алдын алу үшін өте маңызды болып табылады.

Алғыс, мүдделер қақтығысы (қаржыландыру)

Қаржыландырылу жүргізілмеді.

Авторлар, осы басылымның мазмұнына ықтимал ықпал етуі мүмкін қандай да мүдделер қақтығысы жоқ екендігі туралы хабарлайды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ





1. Yadav K., Yadav S., Anand G., Yadav P. K., Yadav D. Hydrolysis of complex pectin structures: Biocatalysis and bioproducts // *Polysaccharide-degrading biocatalysts*. - 2023. – P. 205-225. <https://doi.org/10.1016/B978-0-323-99986-1.00011-9>
2. Freitas C. M. P., Coimbra J. S. R., Souza V. G. L., Sousa R. C. S. Structure and applications of pectin in food, biomedical, and pharmaceutical industry: A review // *Coatings*. – 2021. – Vol. 11, № 8. – P. 922. <https://doi.org/10.3390/coatings11080922>
3. Said N. S., Olawuyi I. F., Lee W. Y. Pectin hydrogels: Gel-forming behaviors, mechanisms, and food applications // *Gels*. – 2023. – Vol. 9, № 9. – P. 732. <https://doi.org/10.3390/gels9090732>
4. Liang W.-l., Liao J.-s., Qi J.-R., Jiang W.-x., Yang X.-q. Physicochemical characteristics and functional properties of high methoxyl pectin with different degree of esterification // *Food Chemistry*. – 2022. – Vol. 375. – P. 131806. <https://doi.org/10.1016/j.foodchem.2021.131806>
5. Krishna Murthy C., Salomi Suneetha D., Vijaya Nirmala P., Tingirikari J. M. R. Low methylated pectin: structure, sources, functional properties, and emerging role in gut health and industrial applications // *International Polymer Processing*. – 2026. – Vol.41, № 1. – P.1-30. <https://doi.org/10.1515/ipp-2025-0083>
6. Lootens D., Capel F., Durand D., Nicolai T., Boulenguer P., Langendorff V. Influence of pH, Ca concentration, temperature and amidation on the gelation of low methoxyl pectin // *Food hydrocolloids*. – 2003. – Vol. 17, № 3. – P. 237-244. [https://doi.org/10.1016/S0268-005X\(02\)00056-5](https://doi.org/10.1016/S0268-005X(02)00056-5)
7. El-Nawawi S., Heikel Y. Factors affecting gelation of high-ester citrus pectin // *Process Biochemistry*. – 1997. – Vol. 32, № 5. – P. 381-385. [https://doi.org/10.1016/S0032-9592\(96\)00076-3](https://doi.org/10.1016/S0032-9592(96)00076-3)
8. Noor N., Shah A., Gani A., Gani A., Jhan F., ul Ashraf Z., Ashwar B. A., Ganaie T. A. Food biopolymers: Structural, functional and nutraceutical properties: Pectin. – New York: Springer, 2021. – P. 127-171. <https://doi.org/10.1007/978-3-030-27061-2>
9. Krapivnytska I., Ladyka V., Ianchyk M., Omelchenko S., Melnyk O., Pertsevyi F. Scientific and practical aspects of pectin and pectin products: Monograph. – Kharkiv: Dissa+, 2022. – 228 p. ISBN: 978-617-7927-98-2
10. Kastner H., Kern K., Wilde R., Berthold A., Einhorn-Stoll U., Drusch S. Structure formation in sugar containing pectin gels—Influence of tartaric acid content (pH) and cooling rate on the gelation of high-methoxylated pectin // *Food Chemistry*. – 2014. – Vol. 144. – P. 44-49. <https://doi.org/10.1016/j.foodchem.2013.06.127>
11. Capel F., Nicolai T., Durand D., Boulenguer P., Langendorff V. Calcium and acid induced gelation of (amidated) low methoxyl pectin // *Food Hydrocolloids*. – 2006. – Vol. 20, № 6. – P. 901-907. <https://doi.org/10.1016/j.foodhyd.2005.09.004>
12. Löfgren C., Hermansson A.-M. Synergistic rheological behaviour of mixed HM/LM pectin gels // *Food hydrocolloids*. – 2007. – Vol. 21, № 3. – P. 480-486. <https://doi.org/10.1016/j.foodhyd.2006.07.005>
13. Harte F., Montes C., Adams M., San Martin-Gonzalez M. Solubilized micellar calcium induced low methoxyl-pectin aggregation during milk acidification // *Journal of dairy science*. – 2007. – Vol. 90, № 6. – P. 2705-2709. <https://doi.org/10.3168/jds.2006-629>
14. Sultana N. Biological properties and biomedical applications of pectin and pectin-based composites: A review // *Molecules*. – 2023. – Vol. 28, № 24. – P. 7974. <https://doi.org/10.3390/molecules28247974>
15. Pratsinis H., Mavrogonatos E., Zervou S.-K., Triantis T., Hiskia A., Kletsas D. Natural Product-Derived Senotherapeutics: Extraction and Biological Evaluation Techniques // *Oncogene-Induced Senescence: Methods and Protocols*. Part of the book series: *Methods in Molecular Biology*. - Springer, 2025. – Vol.2906. – P. 315-359. https://doi.org/10.1007/978-1-0716-4426-3_19
16. Тюсюпова Б., Артыкова Д., Тажигаева С., Мусабеков К. Биополимерлер, қауын езбесі және сүзбе негізіндегі тағамдық сірнелердің реологиялық қасиеттері // Алматы технологиялық университетінің хабаршысы. – 2018. - № 3. – Б. 37-42.
17. Thakur B. R., Singh R. K., Handa A. K., Rao M. Chemistry and uses of pectin—A review // *Critical Reviews in Food Science & Nutrition*. – 1997. – Vol. 37, № 1. – P. 47-73. <https://doi.org/10.1080/10408399709527767>

18. Gryger T., Stěnička M., Vincová A., Lorencová E., Šantová K., Salek R.-N. Role of pectin in maintaining the physicochemical, textural, rheological, and organoleptic properties of model quark cheese spreads during simulated vibrations and storage // *International Journal of Biological Macromolecules*. – 2025. – Vol. 310, Part 3. – P. 143449. <https://doi.org/10.1016/j.ijbiomac.2025.143449>

REFERENCES

1. Yadav K., Yadav S., Anand G., Yadav P. K., Yadav D. Hydrolysis of complex pectin structures: Biocatalysis and bioproducts // *Polysaccharide-degrading biocatalysts*. - 2023. – P. 205-225. <https://doi.org/10.1016/B978-0-323-99986-1.00011-9>
2. Freitas C. M. P., Coimbra J. S. R., Souza V. G. L., Sousa R. C. S. Structure and applications of pectin in food, biomedical, and pharmaceutical industry: A review // *Coatings*. – 2021. – Vol. 11, № 8. – P. 922. <https://doi.org/10.3390/coatings11080922>
3. Said N. S., Olawuyi I. F., Lee W. Y. Pectin hydrogels: Gel-forming behaviors, mechanisms, and food applications // *Gels*. – 2023. – Vol. 9, № 9. – P. 732. <https://doi.org/10.3390/gels9090732>
4. Liang W.-l., Liao J.-s., Qi J.-R., Jiang W.-x., Yang X.-q. Physicochemical characteristics and functional properties of high methoxyl pectin with different degree of esterification // *Food Chemistry*. – 2022. – Vol. 375. – P. 131806. <https://doi.org/10.1016/j.foodchem.2021.131806>
5. Krishna Murthy C., Salomi Suneetha D., Vijaya Nirmala P., Tingirikari J. M. R. Low methylated pectin: structure, sources, functional properties, and emerging role in gut health and industrial applications // *International Polymer Processing*. – 2026. – Vol.41, № 1. – P.1-30. <https://doi.org/10.1515/ipp-2025-0083>
6. Lootens D., Capel F., Durand D., Nicolai T., Boulenguer P., Langendorff V. Influence of pH, Ca concentration, temperature and amidation on the gelation of low methoxyl pectin // *Food hydrocolloids*. – 2003. – Vol. 17, № 3. – P. 237-244. [https://doi.org/10.1016/S0268-005X\(02\)00056-5](https://doi.org/10.1016/S0268-005X(02)00056-5)
7. El-Nawawi S., Heikel Y. Factors affecting gelation of high-ester citrus pectin // *Process Biochemistry*. – 1997. – Vol. 32, № 5. – P. 381-385. [https://doi.org/10.1016/S0032-9592\(96\)00076-3](https://doi.org/10.1016/S0032-9592(96)00076-3)
8. Noor N., Shah A., Gani A., Gani A., Jhan F., ul Ashraf Z., Ashwar B. A., Ganaie T. A. Food biopolymers: Structural, functional and nutraceutical properties: Pectin. – New York: Springer, 2021. – P. 127-171. <https://doi.org/10.1007/978-3-030-27061-2>
9. Krapivnytska I., Ladyka V., Ianchyk M., Omelchenko S., Melnyk O., Pertsevyi F. Scientific and practical aspects of pectin and pectin products: Monograph. – Kharkiv: Dissa+, 2022. – 228 p. ISBN: 978-617-7927-98-2
10. Kastner H., Kern K., Wilde R., Berthold A., Einhorn-Stoll U., Drusch S. Structure formation in sugar containing pectin gels–Influence of tartaric acid content (pH) and cooling rate on the gelation of high-methoxylated pectin // *Food Chemistry*. – 2014. – Vol. 144. – P. 44-49. <https://doi.org/10.1016/j.foodchem.2013.06.127>
11. Capel F., Nicolai T., Durand D., Boulenguer P., Langendorff V. Calcium and acid induced gelation of (amidated) low methoxyl pectin // *Food Hydrocolloids*. – 2006. – Vol. 20, № 6. – P. 901-907. <https://doi.org/10.1016/j.foodhyd.2005.09.004>
12. Löfgren C., Hermansson A.-M. Synergistic rheological behaviour of mixed HM/LM pectin gels // *Food hydrocolloids*. – 2007. – Vol. 21, № 3. – P. 480-486. <https://doi.org/10.1016/j.foodhyd.2006.07.005>
13. Harte F., Montes C., Adams M., San Martin-Gonzalez M. Solubilized micellar calcium induced low methoxyl-pectin aggregation during milk acidification // *Journal of dairy science*. – 2007. – Vol. 90, № 6. – P. 2705-2709. <https://doi.org/10.3168/jds.2006-629>
14. Sultana N. Biological properties and biomedical applications of pectin and pectin-based composites: A review // *Molecules*. – 2023. – Vol. 28, № 24. – P. 7974. <https://doi.org/10.3390/molecules28247974>
15. Pratsinis H., Mavrogonatou E., Zervou S.-K., Triantis T., Hiskia A., Kletsas D. Natural Product-Derived Senotherapeutics: Extraction and Biological Evaluation Techniques // *Oncogene-Induced Senescence: Methods and Protocols*. Part of the book series: *Methods in Molecular Biology*. - Springer, 2025. – Vol.2906. – P. 315-359. https://doi.org/10.1007/978-1-0716-4426-3_19
16. Tüsiupova B., Artykova D., Tajibaeva S., Musabekov K. Biopolimerler, qayn ezbesi jáne süzbe negizindegi taghamdyq simelerdiń reologialyq qasıetteri [Rheological Properties of Food Gels Based on Biopolymers, Melon Pulp and Cottage Cheese] // *Almaty tehnologialyq ýniversitetiniń habarshysy*. – 2018. - № 3. – B. 37-42. [In Kazakh]
17. Thakur B. R., Singh R. K., Handa A. K., Rao M. Chemistry and uses of pectin—A review // *Critical Reviews in Food Science & Nutrition*. – 1997. – Vol. 37, № 1. – P. 47-73. <https://doi.org/10.1080/10408399709527767>
18. Gryger T., Stěnička M., Vincová A., Lorencová E., Šantová K., Salek R.-N. Role of pectin in maintaining the physicochemical, textural, rheological, and organoleptic properties of model quark cheese spreads during simulated vibrations and storage // *International Journal of Biological Macromolecules*. – 2025. – Vol. 310, Part 3. – P. 143449. <https://doi.org/10.1016/j.ijbiomac.2025.143449>

STUDY OF MICROBIOLOGICAL PROCESSES IN THE PRODUCTION OF TRADITIONAL KAZAKH DAIRY PRODUCT “SARY IRIMSHIK”

M.K. ALIMARDANOVA* , R.B. MUKHARKHANOVA ,
A.I. MATIBAYEVA , D.T. TAPALOV 

(Almaty Technological University, 100 Tole bi Street, Almaty
050012, Republic of Kazakhstan)

Corresponding author's email: alimardan.m.atu4@mail.ru*

In recent years, the demand for natural and functional food products has been steadily increasing in Kazakhstan. In this regard, goat milk is of particular interest due to its high digestibility, nutritional value, and hypoallergenic properties. Sary irimshik made from goat's milk is a product with high nutritional value. Traditional Kazakh dairy products from goat milk are characterized by high nutritional and biological value. However, its quality and safety directly depend on the microbiological processes that occur during production. The aim of this study was to investigate the microbiological indicators of the traditional Kazakh dairy product “Sary Irimshik” produced from goat milk and to evaluate changes in microbial content at different technological stages of production. In the course of the research, microbiological characteristics of the product were analyzed throughout the production process. Changes in the number of microorganisms during fermentation and thermal treatment stages were determined. According to the obtained results, intensive growth of lactic acid bacteria was observed during the fermentation stage, while a significant reduction in microflora occurred during heat treatment. The study confirmed that the microbiological indicators of the finished product complied with sanitary and safety requirements.

Keywords: Sary Irimshik, microbiological indicators, goat milk, cow milk, traditional dairy product, food safety.

«САРЫ ІРІМШІК» ӨНДІРІСІНДЕГІ МИКРОБИОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ ЗЕРТТЕУ

М.К.АЛИМАРДАНОВА*, Р.Б.МУХТАРХАНОВА,
А.И. МАТИБАЕВА, Д. ТАПАЛОВ

(«Алматы технологиялық университеті» АҚ, Қазақстан Республикасы,
050012, Алматы қ., Төле би көш., 100)

Автор-корреспонденттің электрондық поштасы: alimardan.m.atu4@mail.ru*

Соңғы жылдары Қазақстан аумағында табиғи және диеталық өнімдерге сұраныс артуда. Осы тұрғыдан ешкі сүті ерекше маңызға ие, себебі ол жоғары сіңімділігімен және гипоаллергендік қасиеттерімен ерекшеленеді. Ешкі сүтінен алынатын сары ірімшік – тағамдық құндылығы жоғары өнім. Алайда оның сапасы мен қауіпсіздігі өндіріс барысында жүретін микробиологиялық процестерге тікелей байланысты. Зерттеу мақсаты – ешкі сүтінен өндірілген сары ірімшіктің микробиологиялық көрсеткіштерін анықтау және олардың технологиялық кезеңдерге байланысты өзгеруін зерттеу. Бұл зерттеу жұмысында ешкі сүтінен өндірілген сары ірімшіктің микробиологиялық көрсеткіштері зерттелді. Өндірістің әртүрлі кезеңдерінде микроорганизмдер санының өзгеруі талданды. Зерттеу нәтижелері бойынша ұйыту кезеңінде сүтқышқылды бактериялардың белсенді өсуі байқалып, қайнату кезеңінде микрофлораның айтарлықтай азаятындығы анықталды. Дайын өнімнің микробиологиялық көрсеткіштері санитарлық талаптарға сәйкес келетіні дәлелденді.

Негізгі сөздер: сары ірімшік, микробиологиялық көрсеткіштер, сақтау мерзімі, ешкі сүті, сиыр сүті.

ИССЛЕДОВАНИЕ МИКРОБИОЛОГИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ ПРИ ПРОИЗВОДСТВЕ «САРЫ ИРИМШИК»

М.К. АЛИМАРДАНОВА*, Р.Б. МУХТАРХАНОВА,
А.И. МАТИБАЕВА, Д. ТАПАЛОВ

(АО «Алматинский технологический университет», Республика Казахстан,
050012, г. Алматы, ул. Толе би, 100)

Электронная почта автора-корреспондента: alimardan.m.atu4@mail.ru*

В последние годы на территории Казахстана возрастает спрос на натуральные и диетические продукты. В этом отношении особое значение имеет козье молоко, которое отличается высокой усвояемостью и гипоаллергенными свойствами. Сары иримшик, произведённый из козьего молока, является продуктом с высокой пищевой ценностью. Однако его качество и безопасность напрямую зависят от микробиологических процессов, происходящих в ходе производства. Цель исследования – определить микробиологические показатели сары иримшик, произведённого из козьего молока, а также изучить их изменения в зависимости от технологических этапов. В данной исследовательской работе были изучены микробиологические показатели сары иримшик, произведённого из козьего молока. Проанализированы изменения количества микроорганизмов на различных этапах производства. По результатам исследования установлено, что на этапе сквашивания наблюдается активный рост молочнокислых бактерий, а на этапе варки значительно снижается количество микрофлоры. Доказано, что микробиологические показатели готового продукта соответствуют санитарным требованиям.

Ключевые слова: сары ірімшік, микробиологические показатели, срок хранения, козье молоко, коровье молоко.

Introduction

Currently, there is growing interest in traditional food products in Kazakhstan. In particular, national dairy products are becoming increasingly popular due to the population's increasing demand for healthy and balanced nutrition. One of these traditional products is "Sary Irimshik," a traditional Kazakh dairy product distinguished by its high nutritional value and extended shelf life.

Scientific studies devoted to the composition and properties of dairy products have demonstrated that they contain biologically valuable components essential for human health. Milk proteins contain a complete set of essential amino acids, while minerals contribute to bone formation and metabolic processes. During the production of dairy products, the major nutritional components of milk become concentrated, thereby increasing the nutritional and energy value of the finished product. Studies on the biochemical properties of milk and dairy products have confirmed the high digestibility of milk proteins (casein), fats, and minerals by the human body [1]. In addition, thermal treatment during dairy product processing leads to structural changes in proteins, improving the texture and sensory properties of the product.

Adnan Y. Tamime [2], who investigated the structure and texture of dairy products, reported that the reduction in moisture content and increase in dry matter concentration during high-temperature processing contribute to extending

product shelf life. These characteristics are also typical technological features of traditional Kazakh dairy products such as "Sary Irimshik."

Furthermore, studies conducted by Paul L.H. McSweeney and other researchers on the microbiological safety and quality of traditional dairy products emphasize the important role of fermentation and thermal processing in reducing pathogenic microorganisms and ensuring product safety [3].

Kazakhstani researchers have also made a significant contribution to the study of traditional dairy products. In particular, Kuanyshev [4] described the technological features and nutritional value of traditional Kazakh dairy products and highlighted their importance in the national food system.

In addition, state programs implemented by the Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan aimed at developing the agro-industrial sector contribute to expanding the production, processing, and export potential of national food products [5].

Recent studies have focused on the probiotic properties of traditional dairy products. Seppo Salminen [6] demonstrated that fermented dairy products can positively influence intestinal microflora and contribute to improved digestive health. In this regard, traditional Kazakh dairy products such as "Sary Irimshik" may be considered functional foods with potential health benefits.

The adaptation of traditional food products to industrial production conditions has also been

widely discussed in scientific literature. Alan H. Varnam and J.P. Sutherland [7] emphasized that standardization of technological processes, quality control, and compliance with food safety requirements are among the key factors ensuring efficient and sustainable production.

In the production of traditional Kazakh dairy products, goat milk is often used alongside cow milk as a valuable raw material. Due to its unique composition and physicochemical properties, goat milk is considered an effective alternative to cow milk in certain applications. Goat milk is regarded as a high-quality raw material for producing nutritionally valuable dairy products. In particular, products based on goat milk are recommended for pregnant and lactating women, premature infants, preschool and school-age children, and people with special dietary needs [8,9,10].

Өсімдік тектес көпкомпонентті қоспаларды қолдану арқылы дайындалған граноланың сапасына салыстырмалы зерттеу жүргізілді (№1 және №2 үлгілер негізінде). №2 гранола үлгісі ақуыз мөлшерінің жоғары болуымен сипатталады (13,69% — №1-дегі 13,03%-ға қарсы), май (15,44% — 15,60%-ға қарсы), көмірсулар (47,84% — 44,43%-ға қарсы) және тағамдық талшықтар (8,31% — 7,42%-ға қарсы) мөлшерінің артуымен ерекшеленеді, бұл оның дәнді-өсімдік композициясы ретінде функционалдық бағыттылығын күшейтеді. Витаминдік профиль №2 үлгіде А витамині мөлшерінің (0,61 мг/100 г) №1 үлгімен (0,51 мг/100 г) салыстырғанда статистикалық тұрғыдан сенімді жоғарылағанын көрсетті, ал Е витамині мөлшері төмендеген (тиісінше 5,32 және 6,71 мг/100 г), сондай-ақ В тобы витаминдерінің арту үрдісі байқалды. №2 үлгісіндегі полифенолдар мен флавоноидтардың жалпы мөлшері тиісінше 0,91% және 0,47% болып, №1 үлгіге (0,63% және 0,41%) қарағанда жоғары екені анықталды, бұл оның антиоксиданттық әлеуетінің айқынырақ екенін көрсетеді. Минералдық талдау екі үлгіде де магний мен фосфордың жоғары деңгейін анықтады, сонымен қатар №2 үлгіде темір мөлшерінің жоғары болуы оны қан түзу және оттегін тасымалдау үдерістеріне қатысатын микроэлементтердің көзі ретінде құндылығын арттырады. Токсикологиялық бақылау өнімнің қауіпсіздігін растады: пестицидтер анықталған жоқ, кадмий, мышьяк және сынап табылмады, қорғасын мөлшері $\leq 0,0028$ мг/кг, бұл нормативтік шектерден едәуір төмен. Зерттеу нәтижелері өсімдік тектес көпкомпонентті қоспаларды қолдану граноланың тағамдық және функционалдық құндылығын тағамдық талшықтар, витаминдер және биологиялық белсенді қосылыстар мөлшерін арттыру арқылы жақсартуға мүмкіндік беретінін, сонымен қатар өнімнің қауіпсіздігі мен жоғары органолептикалық көрсеткіштерінің сақталатынын дәлелдейді.

Негізгі сөздер: гранола, өсімдік қоспалары, тағамдық талшықтар, витаминдер, минералдар, полифенолдар, флавоноидтар, антиоксиданттар, тағам қауіпсіздігі.

ИССЛЕДОВАНИЕ КАЧЕСТВА БАТОНЧИКОВ ГРАНОЛА С ПРИМЕНЕНИЕМ РАСТИТЕЛЬНЫХ МНОГОКОМПОНЕНТНЫХ СМЕСЕЙ

З.Н. МОЛДАҚҰЛОВА, Т.Б. АХЛАН, А.С. АБДРЕЕВА,
А.Қ. ҚҰРМЕТХАН, А.К. ИЗЕМБАЕВА

(Алматинский технологический университет, Республика Казахстан, г.Алматы, ул. Төле би, 100)
Электронная почта автора корреспондента: moldakulovaziliha@gmail.com*

Проведено сравнительное исследование гранолы, изготовленной с применением растительных многокомпонентных смесей, на примере двух образцов (№1 и №2). Гранола №2 характеризуется повышенным содержанием белка (13,69% против 13,03% у №1), жира (15,44% против 15,60%), углеводов (47,84% против 44,43%) и пищевых волокон (8,31% против 7,42%), что усиливает её функциональную направленность как продукт зерново-растительной композиции. Витаминный профиль показал статистически значимое увеличение содержания витамина А в образце №2 (0,61 мг/100 г) по сравнению с №1 (0,51 мг/100 г), снижение витамина Е (5,32 и 6,71 мг/100 г соответственно) и тенденцию к повышению витаминов группы В. Суммарное содержание полифенолов и флавоноидов в №2 достигло 0,91% и 0,47%, что выше, чем у №1 (0,63% и 0,41%), указывая на более выраженный антиоксидантный потенциал. Минеральный анализ выявил высокий уровень магния и фосфора в обоих образцах, при этом содержание железа в №2 было выше, что повышает его ценность как источника микроэлементов, участвующих в

кроветворении и транспортировке кислорода. Токсикологический контроль подтвердил безопасность продукции: пестициды не выявлены, кадмий, мышьяк и ртуть отсутствуют, свинец $\leq 0,0028$ мг/кг, значительно ниже нормативных пределов. Результаты исследования демонстрируют, что использование растительных многокомпонентных смесей позволяет улучшать пищевую и функциональную ценность гранолы за счёт повышения содержания пищевых волокон, витаминов и биологически активных соединений при сохранении безопасности и высоких органолептических характеристик.

Ключевые слова: гранола, растительные смеси, пищевые волокна, витамины, минералы, полифенолы, флавоноиды, антиоксиданты, безопасность пищевых продуктов.

QUALITY ASSESSMENT OF GRANOLA USING PLANT-BASED MULTICOMPONENT BLENDS

Z.N. MOLDAKULOVA, T.B. AKHLAN, A.S. ABDREEVA,
A.K. KURMETKHAN, A.K. IZEMBAYEVA

(Almaty Technological University, Kazakhstan, 050012, Almaty, Tole bi str., 100)
Corresponding author e-mail: moldakulovaziliha@gmail.com*

A comparative study of granola produced using plant-based multicomponent mixtures was conducted based on two samples (No. 1 and No. 2). Granola sample No. 2 was characterized by a higher content of protein (13.69% vs. 13.03% in No. 1), fat (15.44% vs. 15.60%), carbohydrates (47.84% vs. 44.43%), and dietary fiber (8.31% vs. 7.42%), which enhances its functional orientation as a grain–plant composite product. The vitamin profile demonstrated a statistically significant increase in vitamin A content in sample No. 2 (0.61 mg/100 g) compared to No. 1 (0.51 mg/100 g), a decrease in vitamin E (5.32 and 6.71 mg/100 g, respectively), and a tendency toward increased levels of B-group vitamins. The total content of polyphenols and flavonoids in sample No. 2 reached 0.91% and 0.47%, respectively, exceeding those of sample No. 1 (0.63% and 0.41%), indicating a more pronounced antioxidant potential. Mineral analysis revealed high levels of magnesium and phosphorus in both samples, while the iron content in sample No. 2 was higher, increasing its value as a source of trace elements involved in hematopoiesis and oxygen transport. Toxicological assessment confirmed product safety: pesticides were not detected; cadmium, arsenic, and mercury were absent; and lead content (≤ 0.0028 mg/kg) was significantly below regulatory limits. The study results demonstrate that the use of plant-based multicomponent mixtures improves the nutritional and functional value of granola by increasing the content of dietary fiber, vitamins, and biologically active compounds while maintaining product safety and high organoleptic characteristics.

Keywords: granola, plant-based mixtures, dietary fiber, vitamins, minerals, polyphenols, flavonoids, antioxidants, food safety.

Kіpіcne

Соңғы жылдары жоғары энергетикалық және тағамдық құндылығы бар, тұтынуға ыңғайлы жылдам тіскебасар өнімдерге сұраныс тұрақты түрде артып келеді. Тұтынушылардың тағам өнімдерінің сапасына деген қызығушылығы күшейіп, олардың құрамына мән беру үрдісі байқалуда. Қазіргі өмір ырғағына байланысты дайындалуына көп уақыт талап етпейтін, салауатты өмір салтына сәйкес келетін, адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянсыз өндірілетін әрі барынша пайдалы өнімдерге басымдық берілуде [1].

Осы сегментте құрғақ таңғы ас өнімдері – гранола ерекше орын алады. Бұл олардың рецептураларының алуан түрлілігімен, ұзақ сақтау мерзімімен және құрамын тұқымдар,

жаңғақтар, жеміс-жидек шикізаты мен өсімдік экстрактылары сияқты өсімдік тектес ингредиенттермен мақсатты түрде байыту мүмкіндігімен түсіндіріледі. Осыған байланысты биологиялық құндылығы жоғары және тұтынушылық қасиеттері жақсартылған гранола рецептураларын әзірлеу тағам өнеркәсібі саласындағы перспективалы ғылыми бағыттардың бірі болып табылады.

Заманауи зерттеулер көпкомпонентті өсімдік қоспаларын енгізу дәнді өнімдер тағамдық құрамын және антиоксиданттық әлеуетін жақсартатынын растайды. Мысалы, амарант, сұлы және банан қабығы ұнтағы негізіндегі композициялар ақуыз, β -глюкан және тағамдық талшықтар мөлшерін арттырып, органолептикалық көрсеткіштерін сақтайды

[2]. Сонымен қатар, алдын ала өңделген дәнді компоненттерді қолдана отырып, кейіннен жеміс-жидек пен жаңғақ ингредиенттерін (мысалы, құрма пастасы, грек жаңғағы) қосу технологиялық тұрғыдан тиімді тәсіл болып табылады. Бұл әдіс өнімнің антиоксиданттық көрсеткіштерін арттырып, қажетті текстуралық қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді [3].

Жидектен алынған экстрактылары мен өсімдік тектес жанама шізаттарды қолдану ерекше қызығушылық тудырады. Зерттеулер көрсеткендей, гранола құрамына мүкжидек экстрактын қосу фенолды қосылыстардың болуына байланысты оның сенсорлық тартымдылығын арттырып, функционалдық қасиеттерін жақсартады. Сонымен қатар, ғылыми дереккөздерде дәстүрлі ингредиенттерді ішінара өсімдік компоненттерімен, соның ішінде оларды қайта өңдеудің жанама өнімдерімен алмастыру арқылы өнімдердің антиоксиданттық белсенділігін күшейту және тағамдық құндылығын арттыру жолдары қарастырылған [4].

Дәнді-жаңғақ тобына жататын өнімдер үшін тек нутриенттік құндылығы ғана емес, сонымен қатар қауіпсіздік көрсеткіштерін (улы элементтер, пестицидтер) растау да аса маңызды, өйткені өсімдік шикізаты қоршаған ортадан контаминанттарды жинақтауы мүмкін. Осыған байланысты гранола рецептураларын әзірлеу тағамдық құндылығын, биологиялық белсенді заттардың мөлшерін және қауіпсіздік көрсеткіштерін кешенді бағалаумен қатар жүргізілуі тиіс [5].

Зерттеудің мақсаты – өсімдік тектес көпкомпонентті қоспаларды қолдану арқылы дайындалған граноланың (№1 және №2 үлгілер) тағамдық құндылығын, витаминді-минералдық құрамын, биологиялық белсенді заттар мөлшерін және қауіпсіздік көрсеткіштерін салыстырмалы түрде бағалау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу нысаны ретінде граноланың тәжірибелік үлгілері №1 және №2 алынды. Өнімді алу үрдісі граноланы дайындаудан тұрды, оған дәндер, жаңғақтар, тұқымдар және кептірілген жемістерді тазалау, турау және сұрыптау жұмыстары кірді, бұл біркелкі термиялық өңдеуді қамтамасыз ету үшін қажет болды. Қоспаның негізін сұлы, жүгері, күріш және қарақұмық жармалары құрады, оған жаңғақтар (бадам, грек жаңғағы, кешью), асқабақ тұқымдары, кептірілген жемістер

(мейіз, кептірілген өрік, кептірілген алма, мүкжидек, асқабақ), сондай-ақ май, мүкжидек концентраты, сірне және сорбит қосылады. Қыздыру 170–180 °С температурада 12–18 минут, арасында араластыру арқылы жүргізіледі, бұл өнімге қытырлақ текстура қалыптастыруға мүмкіндік береді. Салқындағаннан кейін өнім тұтынушылық қаптамаға оралады.

Зерттеу барысында келесі көрсеткіштер анықталды: ақуыз мөлшері – ГОСТ 10846-9, май массалық үлесі – ГОСТ 29033-91, көмірсулар мөлшері – перманганатометриялық әдіспен, тағамдық талшықтар мөлшері – ГОСТ 31675-2012, күл массалық үлесі – ГОСТ 25555. 4-91, β-каротин мөлшері – ГОСТ Р 54058–2010, органикалық қышқылдардың массалық концентрациясы – ГОСТ 32771-2014, А витамині мөлшері – ГОСТ Р 54635-2011, В тобы витаминдері мен С витамині мөлшері – ГОСТ 31483–2012, Е витамині мөлшері – ГОСТ Р 54634–2011, Са, Fe, Mg мөлшері – ГОСТ 32343–2013, фосфор мөлшері – ГОСТ 26657–97, полифенолдар мөлшері – ГОСТ Р 55488-2013, флавоноидтар мөлшері – ГОСТ Р 55312-2012.

Токсиндік элементтер саны (кадмий, қорғасын) – ГОСТ Р 51301-99, сынап мөлшері – ГОСТ 26927-86, мышьяк мөлшері – ГОСТ 26930-86, пестицидтер мөлшері – ГОСТ 23452-2015 анықталды.

Әр талдау кемінде үш қайталауда жүргізілді ($n = 3$). Бөліну нормалдығын Шапиро–Уилк критеріімен бағалады, орта мәндер арасындағы айырмашылықтарды t -критерий Стюдент арқылы $p < 0,05$ деңгейінде есептеді. Корреляциялар Пирсон бойынша есептелді.

Нәтижелері және оларды талқылау

Зерттеу барысында өсімдік тектес көпкомпонентті қоспаларды қолдану арқылы дайындалған граноланың (№1 және №2 үлгілері) химиялық құрамы, витаминдер мен минералдық элементтер мөлшері, биологиялық белсенді заттар және қауіпсіздік көрсеткіштері салыстырмалы түрде бағаланды. Барлық нәтижелер $M \pm SD$ ($n = 3$) ретінде көрсетілген. Үлгілер арасындағы айырмашылықтардың статистикалық маңыздығы тәуелсіз t -тест арқылы $p < 0,05$ деңгейінде бағаланды.

Тағамдық құндылықты талдау нәтижелері 1-кестеде берілген.


Кесте 1. Гранола таңғы асының химиялық құрамы (өнімнің 100 г-на)

Көрсеткіштің атауы	Гранола №1	Гранола №2
Ақуыз, %	13,03 ± 0,05	13,69 ± 0,08
Май, %	15,60 ± 0,35	15,44 ± 0,09
Көмірсу, %	44,43 ± 0,26	47,84 ± 1,12
Тағамдық талшық, %	7,42 ± 0,34	8,31 ± 0,64
Күлділігі, %	1,28 ± 0,05	1,48 ± 0,08
Энергетикалық құндылығы, ккал	370,24	385,08

1-кестедегі көрініп тұрғандай, зерттелген екі үлгі де ақуызға бай (13,03–13,69%), бұл жаңғақтар мен тұқымдардың өсімдік ақуызының көзі ретінде қосқан үлесін көрсетеді. Май мөлшері шамамен бір деңгейде (~15%) болып табылады. Көмірсулар негізгі компонент болып табылады, бұл дәнді компоненттер негізінде жасалған өнім болу есебінен жоғары мөлшерді көрсетеді [6,7]. №2 үлгісінде тағамдық талшықтар мөлшері жоғарырақ ($8,31 \pm 0,64\%$ қарсы $7,42 \pm 0,34\%$), бұл өнімнің функцио-

налдық бағыттылығын, яғни рациондағы тағамдық талшық үлесін арттыру тұрғысынан күшейтеді [8].

Гранола №1 және №2 үлгілеріндегі витаминдер мөлшерін анықтау нәтижелері 1-суретте көрсетілген ($M \pm SD$, $n = 3$). Орта мәндер арасындағы айырмашылықтардың статистикалық маңыздығы t-критерий Стюдент арқылы $p < 0,05$ деңгейінде бағаланды. Витаминдер мөлшері бойынша нәтижелер 1-суретте берілген.



Сурет 1. Гранола №1 және Гранола №2 үлгілеріндегі витамин құрамының салыстырмалы сипаттамасы ($M \pm SD$, $n = 3$)

Кесте 2. Гранола №1 және Гранола №2 үлгілеріндегі витаминдер мөлшерінің салыстырмалы көрсеткіші ($M \pm SD$, $n = 3$)


Көрсеткіш	Гранола №1 ($M \pm SD$)	Гранола №2 ($M \pm SD$)	t	p
А витамині, мг/100 г	0,510 ± 0,002	0,610 ± 0,003	-48,038	<0,001
Е витамині, мг/100 г	6,710 ± 0,020	5,320 ± 0,040	53,834	<0,001
С витамині, мг/100 г	0,540 ± 0,180	0,630 ± 0,210	-0,564	0,603
В ₁ витамині, мг/100 г	0,410 ± 0,080	0,470 ± 0,090	-0,863	0,437
В ₂ витамині, мг/100 г	0,150 ± 0,060	0,200 ± 0,090	-0,801	0,468
В ₃ витамині, мг/100 г	5,060 ± 1,010	4,960 ± 0,990	0,122	0,908
В ₅ витамині, мг/100 г	1,110 ± 0,200	1,090 ± 0,200	0,122	0,908
В ₆ витамині, мг/100 г	0,240 ± 0,040	0,290 ± 0,060	-1,201	0,296
Фолий қышқылы, мг/100 г	0,031 ± 0,006	0,027 ± 0,005	0,887	0,425
β-каротин, мг/кг	4,530 ± 0,070	4,340 ± 0,080	3,096	0,036

1-сурет пен 2-кестедегі деректерге сәйкес, екі үлгіде де витаминдер (А, Е, С және В тобы) анықталды. №2 үлгісінде А витаминінің мөлшері жоғарырақ болды (0,61 мг/100 г қарсы №1-дегі 0,51 мг/100 г), сондай-ақ В₁ және В₂ витаминдерінің мөлшері жоғары болды. №2 үлгісіндегі Е витаминінің мөлшері төмен болды, бұл жаңғақ-майды компоненттердің үлесінің айырмашылығын көрсетеді. Жалпы, алынған нәтижелер гранола өнімінің витаминдік құрам таңдалған көпкомпонентті дәнді-өсімдік компоненттерінің құндылығын растайды.

В тобы витаминдерінің жоғары деңгейі бүтін дәнді және жидек компоненттердің қолданылуына байланысты, олар дәстүрлі түрде осы витаминдердің көзі болып табылады. Аталған витаминдер метаболикалық процестерде маңызды рөл атқарады, макроэлементтердің катаболизмін қамтамасыз етіп, энергия-

ның бөлінуіне ықпал етеді, бұл әсіресе жоғары энергетикалық құндылығы бар, ағзаның энергиясын тез және тиімді толықтыруға арналған өнімдерді әзірлеу кезінде өзекті. Е витамині жеткілікті мөлшерде кездеседі, бұл жаңғақ-майды компоненттердің болуымен байланысты. Токоферолдар тағамдық өнімдердің антиоксиданттық әлеуетіне үлес қосатын қосылыстарға жатады [9]. Сондықтан граноланың витаминдік құрамы оның тағамдық құндылығын елеулі түрде арттырады, өнімнің функционалдық қасиеттерін ағзаға қажетті биологиялық белсенді заттарды қамтамасыз ету арқылы күшейтеді.

Гранола №1 және №2 үлгілеріндегі минералдық элементтерді анықтау нәтижелері 3-кестеде берілген. 3-кестеге сәйкес, кальций, магний, темір және фосфор мандері көрсетілген. Минералдық заттарды талдау нәтижелері 3-кестеде берілген.



Сурет 1. Granola №1 және Granola №2 үлгілеріндегі минералдық құрамның салыстырмалы сипаттамасы (M ± SD, n = 3)

Минералдық құрамды талдау (3-кесте) нәтижесінде, гранола магний және фосфорға бай. Магний жүйке-бұлшықет белсенділігін және энергетикалық алмасуды реттеуге қатысады, ал фосфор сүйек тіні мен жасушалық мембраналардың фосфолипидтерінің маңызды компоненті болып табылады. Бұл элементтердің жоғары мөлшері құрамға тұқымдар мен жаңғақтардың қосылуымен байланысты. №2 гранола үлгісінде темір мөлшері аздап жоғары, бұл оны қан түзу процестері мен оттегінің ағзаға тиімді тасымалдануы үшін қажетті осы

микроэлементтің қосымша көзі ретінде құндылығын арттырады.

Осылайша, зерттелген үлгілердің минералдық құрамы олардың тағамдық құндылығын толықтырып, өнімнің функционалдық қасиеттерін кеңейтуге ықпал етеді.

Гранола №1 және №2 үлгілеріндегі биологиялық белсенді заттарды анықтау нәтижелері 3-кестеде берілген. Көрсеткіштер M ± SD (n = 3) ретінде көрсетілген. 3-кестедегі деректерге сәйкес β-каротин, органикалық қышқылдар, полифенолдар және флавоноидтар мөлшері берілген.

Кесте 3. Гранола құрамындағы биологиялық белсенді заттардың мөлшері

Көрсеткіш	Гранола №1	Гранола №2
β-каротин, мг/кг	4,53 ± 0,07	4,34 ± 0,08
Органикалық қышқылдар, %	0,12 ± 0,01	0,15 ± 0,01
Полифенолдар, %	0,63 ± 0,02	0,91 ± 0,02
Флавоноидтар, %	0,41 ± 0,02	0,47 ± 0,02

3-кестеге сәйкес, гранола құрамында полифенолдар мен флавоноидтар бар. №2 гранола үлгісіндегі полифенолдар мен флавоноидтардың жоғары мөлшері антиоксиданттық белсенділігін көрсетті, бұл дәнді және өсімдік компоненттеріндегі фенолды қосылыстар негізгі антиоксиданттық компоненттер ретінде қарастырылады [10,11]. Мүкжидек концентраттарын қолдану тағамдық жүйелердегі фенолдық құрамға үлес қосады [12]. β-каротиннің болуы өнімнің биологиялық белсенді қосылыстар мөлшерін кеңейтеді. Осылайша, көп-

компонентті өсімдік қоспаларын қолдану макро- және микронутриенттер мөлшерін артырумен қатар биологиялық белсенді қосылыстар деңгейін де жоғарылатуға ықпал етеді.

Зерттелген үлгілердің қауіпсіздік көрсеткіштерін бақылау нәтижелері 4-кестеде берілген. 5-кестедегі деректерге сәйкес, гранола №1 және №2 үлгілерінде пестицидтер мен токсиндік элементтердің (Pb, Cd, As, Hg) мөлшері нормативтік шектермен салыстырмалы түрде көрсетілген.

Кесте 4. Granola №1 және Granola №2 үлгілерінің қауіпсіздік көрсеткіштері

Көрсеткіш	Гранола №1	Гранола №2	Норматив
Пестицидтер	анықталмады	анықталмады	рұқсат етілмейді
Қорғасын	0,0025 ± 0,0002	0,0028 ± 0,0001	≤ 0,1
Кадмий	анықталмады	анықталмады	≤ 0,05
Күшән	анықталмады	анықталмады	≤ 0,2
Сынап	анықталмады	анықталмады	≤ 0,03

Нәтижесінде, токсиндік элементтердің алынған мәнделері тағам өнімдері үшін қолданыстағы нормативтік құжаттармен белгіленген шекті рұқсат етілген деңгейден едәуір төмен. Сонымен қатар, Cd, As және Hg болмауы ерекше маңызды, өйткені өсімдік ингредиенттері қоршаған ортадан контаминанттарды жинақтауы мүмкін.

Осылайша, токсикологиялық бақылау нәтижелері зерттелген үлгілердің қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетінін растайды және оларды күнделікті тұтынуға ауыр металдардың жинақталуы тәуекелсіз рационда қолдануға болатындығын көрсетеді.

Зертханалық сынақтардың нәтижелері көрсеткендей, №2 гранола үлгісінде ақуыз 13,69%, май 15,44%, көмірсу 47,84% және тағамдық талшықтар 8,31% мөлшерінде, ал №1 гранола үлгісінде сәйкесінше 13,03%, 15,60%, 44,43% және 7,42% құрайды (1-кесте). Осылайша, №2 үлгісі тағамдық талшықтар мөлшері жоғары болғаны анықталды [8].

№2 гранола үлгісінде А витаминінің мөлшері статистикалық маңызды түрде №1 үлгісінен жоғары, ал Е витаминінің мөлшері төмен екені анықталды (2-кесте). Токоферол-

дар (Е витамині) тағамдық жүйелерде антиоксиданттық қорғанысқа қатысатын қосылыстарға жататындықтан, анықталған айырмашылықтар рецептурадағы жаңғақ-майлы компоненттер мен мүкжидек концентратының қатынасының ерекшеліктерін көрсетуі мүмкін [9].

№2 үлгідегі полифенолдар мен флавоноидтардың жалпы мөлшерінің артуы (3-кесте) дәнді дақылдар мен өсімдік компоненттері (мүкжидек концентраты) антиоксиданттық белсенділіктің көзі ретінде қарастырылатын фенолдық қосылыстар туралы мәліметтермен сәйкес келеді [10,11,12]. Өнімнің полифенолдық құрамына қосымша үлес жеміс-жидек компоненттері арқылы қамтамасыз етеді, олардың полифенолдық құрамы мен антиоксиданттық сипаттамалары сипатталған [13,14, 15].

Минералдық құрам (3-кесте) екі үлгіден де Mg және P жоғары деңгейде екенін көрсетті, сонымен қатар №2 үлгісінде Mg және Fe мөлшері салыстырғанда статистикалық маңызды түрде артқаны байқалды, бұл минералдық заттардың көзі ретінде тұқымдар мен жаңғақтардың қосылуымен байланысты.

Токсикологиялық бақылау нәтижелері зерттелген үлгілердің қауіпсіздігін растайды:

пестицидтер анықталмаған, Cd, As және Hg анықталмаған, ал Pb мөлшері нормативтік шектерден едәуір төмен (5-кесте). Жалпы алғанда, алынған деректер көпкомпонентті өсімдік қоспаларын қолдану тағамдық талшықтар мен биологиялық белсенді фенолдық қосылыстар мөлшерін арттыруға мүмкіндік беретінін, сонымен қатар тағамдық құндылықты сақтап, қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетінін көрсетеді [11].

Қорытынды

Зерттеудің мақсаты - көпкомпонентті өсімдік қоспаларын қолдану арқылы дайындалған граноланың (№1 және №2 үлгілері) химиялық құрамы, витаминдік және минералдық сипаттамасы, биологиялық белсенді заттар мөлшері және қауіпсіздік көрсеткіштерін салыстырмалы бағалау болды. Мақсатқа жету үшін кешенді аналитикалық әдістер қолданылды: ақуыз, май, көмірсу және тағамдық талшықтар мөлшерін анықтау, витаминдер мен минералдық элементтерді аспаптық әдіспен өлшеу, биологиялық белсенді қосылыстарды (полифенолдар, флавоноидтар, β-каротин) бағалау, сондай-ақ токсиндік элементтер мен пестицидтер бойынша қауіпсіздік бақылауы және алынған нәтижелерді статистикалық өңдеу (t-тест, $p < 0,05$).

Нәтижесінде, екі үлгі де ақуызға бай және май мөлшері салыстырмалы бірдей деңгейде болды. №2 үлгісі тағамдық талшықтар мөлшері жоғары болуымен ерекшеленеді, бұл өнімнің функционалдық бағыттылығын күшейтеді. Витаминдік сипаттама №2 үлгісінде А витаминінің статистикалық маңызды өсуін, Е витаминінің азаюын, ал №2 үлгідегі жалпы полифенолдар мен флавоноидтар мөлшері №1-ге қарағанда жоғары болып, фенолдық қосылыстардың антиоксиданттық белсенділігі жоғары екенін көрсетеді. Екі үлгінің минералдық құрамында Mg және P жоғары деңгейде болды, сонымен қатар №2 гранолада Mg және Fe мөлшері №1-ге қарағанда артқаны анықталды.

Токсикологиялық бағалау зерттелген үлгілердің қауіпсіздігін растады: пестицидтер анықталмаған, Cd, As және Hg жоқ, ал Pb мөлшері өте төмен деңгейде болып, қолданыстағы нормативтік шектерден едәуір төмен екені анықталды.

Жалпы, алынған нәтижелер көпкомпонентті өсімдік қоспаларын қолданған рецептураның граноланың функционалды маңыздылығы көрсеткіштерін - тағамдық талшықтар мен фенолдық қосылыстарды мақсатты түрде жақсартуға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Алғыс, мүдделер қақтығысы, қаржыландыру

Ұсынылған зерттеулер Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі «АР22786450 «Көп компонентті қоспалар мен биологиялық белсенді қоспаларды пайдалана отырып функционалды тағзы ас өнімдері (гранола, снектер) технологиясын жасау» 2024-2026 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру шеңберінде жасалынды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Иванова И.С., Петрова А.А. Современные тенденции развития функциональных пищевых продуктов // Пищевая промышленность.-2020.-№5.-С. 12–16.
2. Бесолова Б.В.; Конько Е.А. Аналитический обзор использования пищевых продуктов для спортсменов под общим названием «гранола». //Молодой ученый, 2020.-№ 21.-С. 232–233. Режим доступа: <https://moluch.ru/archive/311/70557/>
3. Касьянов Г.И.; Ольховатов Е.А.; Сакибаев К.Ш. Инновации в технологии производства сухих завтраков. //Научный журнал КубГАУ.-2017.-№ 130.-С. 1–12. Режим доступа: <https://ej.kubagro.ru/2017/06/pdf/67.pdf>
4. Демченко Е.А.; Савенкова Т.В. Зерновые завтраки как неотъемлемая часть здорового питания. //Пищевая промышленность. Наука и технологии, 2021.-Т. 14. -С. 6–11.
5. Steinert, R.E.; Raederstorff, D.; Wolever, T.M. Effect of Consuming Oat Bran Mixed in Water before a Meal on Glycemic Responses in Healthy Humans—A Pilot Study. *Nutrients* 2016, 8, 524.
6. Mir, N.A.; Yousuf, B.; Gul, K.; Riar, C.S.; Singh, S. Cereals and Pseudocereals: General Introduction, Classification, and Nutritional Properties. In *Food Bioactives*; Apple Academic Press: Palm Bay, FL, USA, 2019; pp. 281–322.
7. Raut, B.N.; Sakhale, B.K.; Vairagar, P.R.; Waghchaure, R.S.; Quadri, A.S. Young Cereal Grains: The Emerging Nutraceuticals. In *Traditional Foods: The Reinvented Superfoods*; Springer: Berlin/ Heidelberg, Germany, 2024; pp. 207–223.
8. Беркотова Л.В. Содержание пищевых волокон в зерновых продуктах прикорма. //Вестник Воронежского государственного университета инженерных технологий, 2021. -Т. 83. -С. 154–159.
9. Górnaś, P.; Radenkovs, V.; Pugajeva, I.; Soliven, A.; Needs, P.W.; Kroon, P.A. Varied Composition of Tocochromanols in Different Types of Bran: Rye, Wheat, Oat, Spelt, Buckwheat, Corn, and Rice. *Int. J. Food Prop.* 2016, 19, 1757–1764.
10. Xie, F.; Lei, Y.; Han, X.; Zhao, Y.; Zhang, S. Antioxidant ability of polyphenols from black rice, buckwheat and oats: In vitro and in vivo. *Czech J. Food Sci.* 2020, 38, 242–247.
11. Nguyen, S.N.; Drawbridge, P.; Beta, T. Distribution of cereal phytochemicals and micro-

nutrients in whole grains: A review of nutraceutical, industrial, and agricultural implications. *Cereal Chem.* 2024, 101, 903–925.

12. Zoumpoulakis, P.; Sinanoglou, V.J.; Siapi, E.; Heropoulos, G.; Proestos, C. Evaluating Modern Techniques for the Extraction and Characterisation of Sunflower (*Helianthus annuus* L.) Seeds Phenolics. *Antioxidants* 2017, 6, 46

13. Forney, C.F.; Kalt, W.; Jordan, M.A.; Vinqvist-Tymchuk, M.R.; Fillmore, S.A.E. Blueberry and cranberry fruit composition during development. *J. Berry Res.* 2012, 2, 169–177.

14. Kierońska, E.; Skoczylas, J.; Dziadek, K.; Pomietło, U.; Piątkowska, E.; Kopeć, A. Basic Chemical Composition, Selected Polyphenolic Profile and Antioxidant Activity in Various Types of Currant (*Ribes* spp.) Fruits. *Appl. Sci.* 2024, 14, 8882.

15. Dzah C. S., Duan Y., Zhang H., Wen C., Zhang J., Chen G., Ma H. The effects of ultrasound assisted extraction on yield, antioxidant, anticancer and antimicrobial activity of polyphenol extracts: A review. *Food Bioscience.* 2020;35:100547.

REFERENCES

1. Ivanova I.S., Petrova A.A. → *Sovremennyye tendentsii razvitiya funktsional'nykh pishchevykh produktov* [Modern Trends in the Development of Functional Food Products], *Pishchevaya promyshlennost'* [Food Industry], 2020, № 5, S. 12–16 (In Russian).

2. Besolova B.V., Kon'ko E.A. → *Analiticheskiy obzor ispol'zovaniya pishchevykh produktov dlya sportsmenov pod obshchim nazvaniem "granola"* [Analytical Review of the Use of Food Products for Athletes under the General Name "Granola"], *Molodoy uchenyy* [Young Scientist], 2020, № 21, S. 232–233. Dostup: <https://moluch.ru/archive/311/70557/> (In Russian).

3. Kasyanov G.I., Ol'khovtov E.A., Sakibayev K.Sh. → *Innovatsii v tekhnologii proizvodstva sukhikh zavtrakov* [Innovations in the Technology of Breakfast Cereals Production], *Nauchnyy zhurnal KubGAU* [Scientific Journal of KubGAU], 2017, № 130, S. 1–12. Dostup: <https://ej.kubagro.ru/2017/06/pdf/67.pdf> (In Russian).

4. Demchenko E.A., Savenkova T.V. → *Zernovye zavtraki kak neot'emlemaya chast' zdorovogo pitaniya* [Cereal Breakfasts as an Integral Part of Healthy Nutrition], *Pishchevaya promyshlennost'. Nauka i tekhnologii* [Food Industry. Science and Technology], 2021, T. 14, S. 6–11 (In Russian).

5. Steinert R.E., Raederstorff D., Wolever T.M. → *Effect of Consuming Oat Bran Mixed in Water*

before a Meal on Glycemic Responses in Healthy Humans — A Pilot Study, *Nutrients*, 2016, 8, 524.

6. Mir N.A., Yousuf B., Gul K., Riar C.S., Singh S. → *Cereals and Pseudocereals: Genera Introduction, Classification, and Nutritional Properties*, In: *Food Bioactives*, Apple Academic Press: Palm Bay, FL, USA, 2019, pp. 281–322.

7. Raut B.N., Sakhale B.K., Vairagar P.R., Waghchaure R.S., Quadri A.S. → *Young Cereal Grains: The Emerging Nutraceuticals*, In: *Traditional Foods: The Reinvented Superfoods*, Springer: Berlin/Heidelberg, Germany, 2024, pp. 207–223.

8. Berkotova L.V. → *Soderzhanie pishchevykh volokon v zernovykh produktakh prikorma* [Dietary Fiber Content in Cereal Complementary Foods], *Vestnik Voronezhskogo gosudarstvennogo universiteta inzhenernykh tekhnologiy* [Bulletin of Voronezh State University of Engineering Technologies], 2021, T. 83, S. 154–159 (In Russian).

9. Górnaś P., Radenkovs V., Pugajeva I., Soliven A., Needs P.W., Kroon P.A. → *Varied Composition of Tocochromanols in Different Types of Bran: Rye, Wheat, Oat, Spelt, Buckwheat, Corn, and Rice*, *Int. J. Food Prop.*, 2016, 19, 1757–1764.

10. Xie F., Lei Y., Han X., Zhao Y., Zhang S. → *Antioxidant Ability of Polyphenols from Black Rice, Buckwheat and Oats: In Vitro and In Vivo*, *Czech J. Food Sci.*, 2020, 38, 242–247.

11. Nguyen S.N., Drawbridge P., Beta T. → *Distribution of Cereal Phytochemicals and Micronutrients in Whole Grains: A Review of Nutraceutical, Industrial, and Agricultural Implications*, *Cereal Chem.*, 2024, 101, 903–925.

12. Zoumpoulakis P., Sinanoglou V.J., Siapi E., Heropoulos G., Proestos C. → *Evaluating Modern Techniques for the Extraction and Characterisation of Sunflower (*Helianthus annuus* L.) Seeds Phenolics, Antioxidants*, 2017, 6, 46.

13. Forney C.F., Kalt W., Jordan M.A., Vinqvist-Tymchuk M.R., Fillmore S.A.E. → *Blueberry and Cranberry Fruit Composition during Development*, *J. Berry Res.*, 2012, 2, 169–177.

14. Kierońska E., Skoczylas J., Dziadek K., Pomietło U., Piątkowska E., Kopeć A. → *Basic Chemical Composition, Selected Polyphenolic Profile and Antioxidant Activity in Various Types of Currant (*Ribes* spp.) Fruits*, *Appl. Sci.*, 2024, 14, 8882.

15. Dzah C. S., Duan Y., Zhang H., Wen C., Zhang J., Chen G., Ma H. The effects of ultrasound assisted extraction on yield, antioxidant, anticancer and antimicrobial activity of polyphenol extracts: A review. *Food Bioscience.* 2020;35:100547.

ӨСІМДІК ШИКІЗАТЫНАН БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ЗАТТАРДЫ АЛУ ӘДІСТЕРІ МЕН РЕЖИМДЕРІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ

Г.Н. ЖАКУПОВА , Т.Ч. ТУЛТАБАЕВА , А.Е., ШОМАН , Г.М. ТОКЫШЕВА ,
А.Х. МУЛДАШЕВА , А.Т. САФАНДЫҚ , А.Т. АХМЕТЖАНОВА* 

(КеАҚ «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті»,
Қазақстан Республикасы, 010000 Астана қ., Жеңіс 62 даңғылы)

Автор-корреспонденттің электрондық поштасы: aygerim_talgatqyzy@mail.ru*

Жұмыста өсімдік шикізатынан және өсімдіктердің жасушалық (*in vitro*) дақылдарынан фенолдық қосылыстарды алудың дәстүрлі және заманауи әдістері қарастырылып, салыстырмалы талдау жүргізілді. Зерттеу нысандары ретінде *Hypericum perforatum* (шайқұрай), *Melilotus officinalis* (түйежоңышқа) және *Portulaca oleracea* (портулак) таңдалды. Зерттеудің өзектілігі табиғи фенолдық қосылыстарға антиоксиданттар мен функционалды ингредиенттер көзі ретінде сұраныстың артуымен, сондай-ақ оларды алудың тиімді, экономикалық және экологиялық қауіпсіз технологияларын әзірлеу қажеттілігімен негізделеді. Зерттеу мақсаты – биоактивті қосылыстардың шығымдылығы, тұрақтылығы және технологиялық тиімділігі тұрғысынан фенолдық қосылыстарды алудың оңтайлы әдісін анықтау. Жұмыста 70% этанол экстрагенті қолданылып, үш әдіс – мацерация, Сокслет экстракциясы және ультрадыбыстық экстракция (UAE) – салыстырылды. Зерттеу нәтижелері бойынша фенолдық қосылыстардың ең жоғары мөлшері Сокслет әдісі арқылы алынғаны анықталды: табиғи өсімдік шикізатында *Hypericum perforatum* үшін $61,2 \pm 2,4$ мг GAE/г, *Melilotus officinalis* үшін $56,3 \pm 1,9$ мг GAE/г және *Portulaca oleracea* үшін $45,7 \pm 1,5$ мг GAE/г көрсеткіштері тіркелді. Ультрадыбыстық экстракция әдісі сәйкесінше $58,4 \pm 2,1$; $44,1 \pm 1,5$ және $32,8 \pm 1,1$ мг GAE/г мәндерін көрсетті, бұл мацерация әдісіне қарағанда жоғары, бірақ Сокслеттен төмен нәтиже береді. Мацерация кезінде ең төмен көрсеткіштер байқалды ($24,2$ – $42,6$ мг GAE/г диапазонында). *In vitro* дақылдарынан алынған сығындыларда фенолдық қосылыстар мөлшері табиғи өсімдік шикізатымен салыстырғанда орта есеппен 10–20% төмен екені анықталды. Экстракция параметрлерін оңтайландыру нәтижесінде фенолдық қосылыстарды тиімді алу үшін 70% этанол және 50–70 °C температура диапазоны оңтайлы екені анықталды, бұл жағдайда максималды мәндер 70 °C температурада тіркелді. Салыстырмалы талдау көрсеткендей, Сокслет әдісі максималды шығымдылықты қамтамасыз етеді, алайда жоғары температура мен энергия шығынын талап етеді. Ал ультрадыбыстық экстракция әдісі шығымдылығы сәл төмен болғанымен, экстракция уақытының қысқалығы (30 мин), еріткіш шығынының аздығы және биологиялық белсенді қосылыстардың сақталуы тұрғысынан анағұрлым тиімді және перспективалы болып табылады. Осылайша, зерттеу нәтижелері фенолдық қосылыстарды алу әдісін таңдау нақты мақсатқа байланысты болуы тиіс екенін көрсетті: максималды шығымдылық үшін – Сокслет әдісі, ал технологиялық тиімділік, энергия үнемділігі және өнім сапасын сақтау үшін ультрадыбыстық экстракция әдісі ұсынылады. Алынған нәтижелер тағам өнеркәсібінде және функционалды өнімдер өндірісінде өсімдік сығындыларын алу технологияларын әзірлеуде қолданылуы мүмкін.

Негізгі сөздер: *Hypericum perforatum*, *melilotus officinalis* және *portulaca oleracea*, фенолдық қосылыстар, мацерация, экстракция.

ОПТИМИЗАЦИЯ МЕТОДОВ И РЕЖИМОВ ЭКСТРАГИРОВАНИЯ БИОЛОГИЧЕСКИ АКТИВНЫХ ВЕЩЕСТВ ИЗ РАСТИТЕЛЬНОГО СЫРЬЯ

Г.Н. ЖАКУПОВА, Т.Ч. ТУЛТАБАЕВА, А.Е. ШОМАН, Г.М. ТОКЫШЕВА,
А.Х. МУЛДАШЕВА, А.Т. САФАНДЫҚ, А.Т. АХМЕТЖАНОВА*

(АО «Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина», Республика
Казахстан, 010000, г. Астана, проспект Женис, 62.)

Электронная почта автора-корреспондента: aygerim_talgatqyzy@mail.ru*

В работе рассмотрены традиционные и современные методы получения фенольных соединений из растительного сырья и клеточных (*in vitro*) культур растений и проведен сравнительный анализ. В качестве объектов исследования были выбраны *Hypericum perforatum* (чайный гриб), *Melilotus officinalis* (вербейник) и *Portulaca oleracea* (портулак). Актуальность исследования обусловлена возросшим спросом на природные фенольные соединения как источники антиоксидантов и функциональных ингредиентов, а

также необходимостью разработки эффективных, экономически и экологически безопасных технологий их получения. Цель исследования – определение оптимального способа получения фенольных соединений с точки зрения выхода, стабильности и технологической эффективности биоактивных соединений. В работе использовался 70% этаноловый экстрагент, и сравнивались три метода – мацерация, экстракция Сокслетом и ультразвуковая экстракция (UAE). По результатам исследования установлено, что наибольшее количество фенольных соединений получалось методом Сокслета: в натуральном растительном сырье были зарегистрированы показатели $61,2 \pm 2,4$ мг GAE/g для *Hypericum perforatum*, $56,3 \pm 1,9$ мг GAE/g для *melilotus officinalis* и $45,7 \pm 1,5$ мг GAE/g для *Portulaca oleracea*. Метод ультразвуковой экстракции показал значения GAE/g $58,4 \pm 2,1$; $44,1 \pm 1,5$ и $32,8 \pm 1,1$ мг соответственно, что выше, чем у метода мацерации, но ниже, чем у Сокслета. Самые низкие показатели наблюдались при мацерации (в диапазоне 24,2-42,6 мг GAE/g). Было обнаружено, что в экстрактах, полученных из культур *In vitro*, содержание фенольных соединений в среднем на 10-20% ниже, чем в натуральном растительном сырье. В результате оптимизации параметров экстракции было обнаружено, что для эффективного получения фенольных соединений оптимальным является 70% этанол и температурный диапазон 50-70 °C, при этом максимальные значения регистрировались при 70 °C. Сравнительный анализ показал, что метод Сокслета обеспечивает максимальную урожайность, однако требует высоких температур и энергозатрат. И хотя метод ультразвуковой экстракции имеет немного более низкий выход, он более эффективен и перспективен с точки зрения короткого времени экстракции (30 минут), меньшего расхода растворителя и сохранения биологически активных соединений. Таким образом, результаты исследования показали, что выбор способа получения фенольных соединений должен зависеть от конкретной цели: для максимального выхода – метод Сокслета, а для технологической эффективности, энергоэффективности и сохранения качества продукции – предлагается метод ультразвуковой экстракции. Полученные результаты могут быть использованы при разработке технологий получения растительных экстрактов в пищевой промышленности и производстве функциональных продуктов.

Ключевые слова: *hypericum perforatum*, *melilotus officinalis* и *portulaca oleracea*, фенольные соединения, мацерация, экстракция.

OPTIMIZATION OF METHODS AND MODES OF EXTRACTION OF BIOLOGICALLY ACTIVE SUBSTANCES FROM PLANT RAW MATERIALS

G.N. ZHAKUPOVA, T.Ch. TULTABAYEVA, A.E. SHOMAN, G.M. TOKYSHEVA,
A.H. MULDASHEV, A.T. SAGANDYK, A.T. AKHMETZHANOVA*

(JSC «S. Seifullin Kazakh agrotechnical research University», Republic of Kazakhstan,
010000, Astana, Zhenis ave., 62)

Corresponding author's e-mail: aygerim_talगतqyzy@mail.ru*

*The paper considers traditional and modern methods of obtaining phenolic compounds from plant raw materials and cellular (in vitro) plant cultures and provides a comparative analysis. Hypericum perforatum (kombucha), Melilotus officinalis (verbena) and Portulaca oleracea (purslane) were selected as the objects of research. The relevance of the study is due to the increased demand for natural phenolic compounds as sources of antioxidants and functional ingredients, as well as the need to develop effective, economically and environmentally friendly technologies for their production. The purpose of the study – determination of the optimal method for obtaining phenolic compounds in terms of yield, stability and technological effectiveness of bioactive compounds. 70% ethanol extractant was used in the work, and three methods were compared – maceration, Soxlet extraction and Ultrasonic extraction (UAE). According to the results of the study, the largest amount of phenolic compounds was obtained by the Soxlet method: in natural plant raw materials, 61.2 ± 2.4 mg GAE/g for *Hypericum perforatum*, 56.3 ± 1.9 mg GAE/g for *melilotus officinalis* and 45.7 ± 1.5 mg GAE/g for *Portulaca oleracea* were recorded. The ultrasonic extraction method showed GAE/g values of 58.4 ± 2.1 ; 44.1 ± 1.5 and 32.8 ± 1.1 mg, respectively, which is higher than that of the maceration method, but lower than that of Soxlet. The lowest values were observed during maceration (in the range of 24.2-42.6 mg GAE/g). It was found that in extracts obtained from *In vitro* cultures, the content of phenolic compounds is on average 10-20% lower than in natural plant raw materials. As a result of optimization of extraction parameters, it was found that 70% ethanol and a temperature range of 50-70 °C are optimal for the effective production of phenolic compounds, while the maximum values were recorded at 70 °C. Comparative analysis has shown that the Soxlet method provides maximum yield, but requires high temperatures and energy consumption. Although the ultrasonic extraction method has a slightly lower yield, it is more effective and promising*

in terms of a short extraction time (30 minutes), lower solvent consumption and preservation of biologically active compounds. Thus, the results of the study showed that the choice of a method for producing phenolic compounds should depend on a specific goal: for maximum yield, the Soxhlet method is used, and for technological efficiency, energy efficiency and product quality preservation, the ultrasonic extraction method is proposed. The results obtained can be used in the development of technologies for the production of plant extracts in the food industry and the production of functional products.

Key words: *hypericum perforatum, melilotus officinalis және portulaca oleracea, phenolic compounds, maceration, extraction.*

Kіріспе

Қазақстан Республикасында ғылыми зерттеулерді қолдаудың, технологиялық дамудың және азық-түлік қауіпсіздігін нығайтудың маңызды элементі агроөнеркәсіптік кешенді және тамақ өңдеу өнеркәсібін дамытуға бағытталған мемлекеттік саясат болып табылады. Негізгі бағыттардың бірі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 28 маусымдағы №512 қаулысымен бекітілген Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған Кешенді жоспарын іске асыру болып табылады, ол қайта өңдеу қуаттарын жаңғырту және кеңейту, азық-түлік өнімдерінің қосылған құнын арттыру және саланы технологиялық жаңартуды ынталандыру жөніндегі шараларды көздейді [1].

Бұдан басқа, 2025 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялауға, тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарын жаңғыртуды жеңілдетілген қаржыландыруға және инновациялық технологияларды енгізуді ынталандыруға бағытталған тамақ өнеркәсібін дамытуға 44 млрд теңге бөлді, бұл импортты алмастыру, отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және елдің азық-түлік тәуелсіздігін нығайту жөніндегі мемлекеттік стратегияның бір бөлігі болып табылады [2].

Кешенді мемлекеттік шаралар сонымен қатар ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу кезінде қаржылық және нормативтік қолдауды, азық-түлік өнімдерін өндіруге инвестицияларды ынталандыруды және қайта өңделген өнім экспортын кеңейтуді қамтиды, бұл биологиялық белсенді заттар мен тағамдық ингредиенттерді қайта өңдеудің барлық кезеңдерінде заманауи технологиялық шешімдерді енгізу үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Мацерация және Сокслет (аппарат Сокслет) экстракциясы сияқты дәстүрлі экстракция әдістері қарапайымдылығы мен қол жетімділігіне байланысты фитохимияда маңызды болып табылады. Мацерация өсімдік материалын еріткіште бөлме температурасында ұзақ уақыт әдетте 24-72 сағат бойы жібітуді

қамтиды, бұл еритін заттардың еріткіш диффузиясына мүмкіндік береді. Бұл әдіс әсіресе термолабильді қосылыстар үшін өте қолайлы, өйткені ол *H. perforatum* құрамындағы гиперидин сияқты сезімтал биоактивті заттарды ыдырататын жоғары температурадан аулақ болады. Негізгі артықшылықтарға төмен шығындар, жабдыққа қойылатын минималды талаптар және полярлы және жартылай полярлы қосылыстар үшін тиімді су, этанол немесе олардың қоспалары сияқты еріткіштердің кең ауқымын пайдалану мүмкіндігі жатады [3]. Алайда, мацерация ұзақ уақыт экстракциядан, еріткіштің жоғары ағынынан және интенсивті әдістермен салыстырғанда төмен өнімділіктен зардап шегеді, бұл көбінесе толық емес экстракцияға және ұзақ өңдеу процесінде микробтардың ластану қаупіне әкеледі [4-5]. *P. oleracea* зерттеулерінде көлемді шектейтін 48 сағатты қажет етті, 80% метанолмен мацерация фенолдардың орташа жалпы құрамын (TPC) бір граммға шамамен 5,11 мг галл қышқылының эквивалентін (мг GAE/г) қамтамасыз етті [6].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу әдістері

Бастапқы өсімдік шикізатын алу үшін Орталық Қазақстанның табиғи жағдайында белсенді гүлдену кезеңінде жиналған өсімдіктердің кептірілген жер үсті бөліктері пайдаланылды. *In vitro* жасуша дақылдары биомассаның тұрақты өсуін қамтамасыз ететін оңтайлы концентрацияда 2,4-Д және кинетин қосылған мурасиге және Скуга (MS) қоректік ортасында каллус тінін өсіру арқылы алынды [8-9]. Шикізат 40 °С-тан аспайтын температурада кептіріліп, 0,5–1,0 мм фракцияға дейін ұнтақталған.

Экстракция үш схема бойынша жүргізілді:

1. Мацерация: 5 г өсімдік шикізаты 100 мл 40% этанол құйып, 25 °С температурада 24 сағат бойы тұрақты араластырумен ұсталды.

2. Сокслет әдісі: 5 г шикізатты алу Сокслет аппаратында 6 сағат еріткіштің қайнау температурасында (шамамен 78 °С) жүргізілді.

3. Ультрадыбыстық экстракция (UAE): 5 г шикізат ультрадыбыстық ваннада 30 минут ішінде 50 °С температурада 100 мл 40% этанолға алынды (жиілігі 40 кГц, қуаты 150 Вт).

Экстракциядан кейін барлық ерітінділер сүзіліп, тұрақты көлемге жеткізілді. Жалпы фенолдық қосылыстардың саны (TPC) стандарт ретінде галл қышқылын қолдана отырып, Фолин–Чокальтеу колориметриялық әдісімен анықталды. Оптикалық тығыздық 765 нм - де өлшенді. Нәтижелер бір грамм құрғақ затқа (мг GAE/г) мг галл қышқылында көрсетілген. (Зерттеу барысында фенолдық қосылыстардың мөлшері мг GAE/г құрғақ зат бірлігінде анықталды).

Бұл зерттеудің мақсаты өсімдік шикізатынан (*Hypericum Perforatum* (шәйқурай), *Melilotus Officinalis* (түйежоңышқа) және *Portulaca Oleracea* (портулак)) фенолдық қосылыстарды одан әрі сүт өнімдерін байытушы ретінде пайдалану үшін алудың ең жақсы әдісін анықтау болды. Салыстыру үшін үш түрлі әдіс қолданылды: мацерация, Сокслет экстракциясы және ультрадыбыстық экстракция (UAE). Экстрагент ретінде 70% этанол қолданылды, өйткені бұл еріткіш жоғары полярлықты, қауіпсіздікті және фенол мен флавоноидты қосылыстардың кең спектрін алу қабілетін біріктіретін әмбебап қасиеттерге ие [10-11].

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

Өсімдік шикізатынан биологиялық белсенді заттарды (ББЗ) алу тағамдық қоспаларды, функционалды өнімдерді және тамақ өнер-

кәсібіне арналған ингредиенттерді өндірудегі маңызды қадам болып табылады. Өсімдік материалдарында биоактивті қосылыстардың кең спектрі бар - полифенолдар, флавоноидтар, кумариндер, каротиноидтар, витаминдер және антиоксидантты, қабынуға қарсы және иммуномодуляциялық белсенділігі бар басқа метаболиттер. Бұл заттарды тиімді алу үшін мақсатты қосылыстардың функционалды белсенділігін сақтай отырып және шығындарды азайта отырып, жоғары шығымдылығын қамтамасыз ететін әдістерді қолдану қажет [12-13].

Мацерация және Сокслет экстракциясы сияқты дәстүрлі экстракция әдістері қарапайымдылығы мен қол жетімділігіне байланысты кеңінен қолданылады. Мацерация өсімдік материалын еріткіште ұзақ уақыт бойы төмен температурада жібітуді қамтамасыз етеді, бұл әсіресе термолабильді қосылыстар үшін өте маңызды. Алайда, бұл әдіс ұзақ мерзімдермен, еріткіштің көп тұтынылуымен және көбінесе мақсатты заттардың төмен шығымдылығымен сипатталады. Еріткіштің үздіксіз айдау және конденсация цикліне негізделген Сокслет экстракциясы қосылыстардың толық алынуын қамтамасыз етеді, бірақ жоғары энергия шығынын қажет етеді және ыстыққа сезімтал (ББЗ) деградациясына әкелуі мүмкін [14-15].

Бұл деректерді жалпылау үшін әдебиеттерді шолудан алынған негізгі параметрлерге негізделген әдістерді бағалайтын салыстырмалы кесте (1-кесте) берілген.

Кесте 1. Экстракция әдістерінің салыстырмалы сипаттамалары

Әдіс	Экстракция уақыты	Еріткіш шығыны	Шығу тиімділігі	Энергия тұтыну	Термолабильді қосылыстар үшін жарамдылық	Экологиялық әсер
Мацерация	Жоғары (24–72 с.)	Жоғары	Орташа	Төмен	Жоғары	Орташа (жоғары еріткіш қалдықтары)
Сокслет	Орташа (6–24 с.)	Жоғары	Жоғары	Жоғары	Төмен	Жоғары (улы еріткіштер, энергия)
UAE	Төмен (15–60 мин)	Төмен	Жоғары	Орташа	Жоғары	Төмен (жасыл технологияның әлеуеті)

Бұл кестеде суреттелген: мацерация және Сокслет сияқты дәстүрлі әдістер қол жетімділікке баса назар аударады, бірақ тиімділікті құрбан етеді, ал UAE сияқты заманауи тәсілдер шығу мен тұрақтылықты оңтайландыруды ұсынады. *H. perforatum* үшін (UAE) антиоксиданттар үшін оңтайлы; *M. officinalis* үшін Сокслет кумариндерге жарамды; және *P. oleracea* MAE үшін *Omega-3* экстракциясын күшейтеді. Тиімділікті салыстыру үшін үш түрлі әдіс қолданылды: мацерация, Сокслет экстракциясы және ультрадыбыстық экстракция (UAE). Бастапқы өсімдік шикізатын алу үшін Орталық Қазақстанның табиғи жағдайында белсенді гүлдену кезеңінде жиналған өсімдіктердің кептірілген жер үсті бөліктері пайдаланылды. "in vitro" жасуша дақылдары биомассаның тұрақты өсуін қамтамасыз ететін оңтайлы концентрацияда Мурасиге және Скут (MS) (MS+ метилжасмонат 0,1%) қоректік ортада өсімдік шикізатын өсіру арқылы алынды.

Жүргізілген зерттеу *Hypericum Perforatum*, *Melilotus officinalis* және *Portulaca Oleracea* дақылдарының "in vitro" өсімдік шикізатынан фенолдық қосылыстарды алу тиімділігі қолданылатын экстракция әдісіне айтарлықтай тәуелді екенін көрсетті. Өсімдік жасушалық дақылдарының өсімдік шикізатын алудың оңтайлы түрі мен технологиялық параметрлері

зерттеліп, таңдалды. Мацерация әдісі үшін экстракцияның оңтайлы параметрлері: температура 50 °С, этил спиртінде ұстау ұзақтығы 24 сағат (қараңғыда), stegler айналмалы буландыру қондырғысында экстракциялау ұзақтығы-30 мин. Перколяция әдісі үшін оңтайлы экстракция параметрлері: температура 40 °С, Сокслет аппаратында экстракция ұзақтығы 3-4 сағат. Ультрадыбыстық экстракция (UAE) әдісі үшін экстракцияның оңтайлы параметрлері: температура 50 °С, этил спиртінде экспозиция ұзақтығы 30 сағат (қараңғыда), ультрадыбыстық ваннада экстракция ұзақтығы 30 мин. Жалпы фенолдық қосылыстардың ең жоғары мәндері мацерация мен ультрадыбыстық экстракциямен салыстырғанда өнімділіктің 25-40% жоғарылауын қамтамасыз ететін перколяция әдісін қолдану арқылы алынады. "In vitro" дақылдары табиғи жағдайда жиналған өсімдіктермен салыстырғанда фенолдық заттардың жоғары құрамымен сипатталатыны анықталды, оларды пайдалану қайталану және қайталама метаболиттердің биосинтезін бағытталған реттеу мүмкіндігі тұрғысынан қызығушылық тудырады.

Жалпы антиоксидантты экстракцияның үш әдісінің салыстырмалы талдауының нәтижелері 2-кестеде келтірілген.

Кесте 2. Өсімдіктердің әртүрлі түрлерінің өсімдік және In vitro шикізат сығындыларындағы жалпы фенолдық қосылыстардың (мг GAE/г құрғақ зат) құрамы

Өсімдік түрі	Өсімдіктер типі	Экстракция әдістері		
		Мацерация	Сокслет (аппаратом Сокслета)	Ультрадыбыс (UAE)
<i>Hypericum perforatum</i>	Табиғи өсімдік шикізаты	42,6 ± 1,3	61,2 ± 2,4	58,4 ± 2,1
<i>Hypericum perforatum</i>	In vitro өсірілген өсімдік шикізаты	36,9 ± 1,2	54,5 ± 2,0	49,8 ± 1,7
<i>Melilotus officinalis</i>	Табиғи өсімдік шикізаты	31,4 ± 0,9	56,3 ± 1,9	44,1 ± 1,5
<i>Melilotus officinalis</i>	In vitro өсірілген өсімдік шикізаты	27,6 ± 1,0	50,1 ± 1,6	39,7 ± 1,3
<i>Portulaca oleracea</i>	Табиғи өсімдік шикізаты	24,2 ± 0,8	45,7 ± 1,5	32,8 ± 1,1
<i>Portulaca oleracea</i>	In vitro өсірілген өсімдік шикізаты	20,5 ± 0,7	40,2 ± 1,3	28,1 ± 1,0

Сокслет әдісі фенолдық қосылыстарды алудың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Табиғи өсімдік пен in vitro шикізатты салыстыру кезінде жасуша дақылдарының сығындыларындағы фенолдық қосылыстардың концентрациясы тұтас өсімдік материалының сығындыларымен салыстырғанда біршама төмен (орта есеппен 10-20 %) екені анықталды.

Бұл in vitro дақылдардағы жасушалардың толық емес дифференциациясына және табиғи ортадағы стресс факторларына ұшыраған өсімдіктермен салыстырғанда қайталама метаболизмнің салыстырмалы түрде төмен деңгейіне байланысты [16-17].

Сонымен қатар, in vitro дақылдардан алынған сығындылар құрамның көбеюімен


және тұрақтылығымен сипатталады, бұл шикізаттың бұл түрін стандартталған фитопрепараттар мен функционалды ингредиенттер үшін перспективалы етеді [18-19].

